

Жаһандық диалог

6.4

Жылына 4 рет 17 тілде шығады

Әлеуметтану, саясат
және билік

Энтони Гидденс

Грек экономикасының
құлдырауы

Василис Фюскас,
Мария Маркантонатоу,
Джон Милос,
Спайрос Сакелларопулос,
Стратос Георгулас

Латын Америкасындағы
жасанды түсік

Джулия МакРейнолдс-Перез,
Сюзана Лернер, Люсиа Мелгар,
Агнес Гийом, Эрика Бюссе

Араб әлеміндегі
әлеуметтік ғылым

Мұхаммед А.Бамух,
Сетени Шами,
Ыдырыс Джераби

Арнайы бағаналар

- > Джордж Ритцер мақдоналдану және
просьюмеризм жайында
- > Халықаралық әлеуметтанумен 40 жылдан астам
бірге
- > Жаһандық диалогтың жапондық тобын таныстыру

ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association
isa

Басылым 6/ Шығарылым 3/ Желтоқсан 2016
www.isa-sociology.org/global-dialogue/

GD



Өткен мен бүгінді зерделеу

Осы шығарылым соңғы алты жыл бойы «Жаһандық диалогтың» беттерінде баяндалған Индигнадос, Оккупай, араб көктемі және т.б., Египетте, Түркияда, Польшада, Венгрияда, Филиппинде, Аргентина мен Бразилияда авторитарлық тәртіпті орнатқан оңшыл қозғалыстарға дейінгі әлеуметтік қозғалыстардың шеңберін қамти отырып, осы шақ пен өткен шақты сараптауды жалғастырады. Бұл жаһандық құбылыс ұлттық мемлекеттерді тықсырып және мемлекеттік тәуелсіздіктің іргесін шайқалтқан, оңшыл да солшыл, көбіне оңға қарай басымырақ, популизмге алып келетін ресми, сайлау саясатына күмән тудыратын халықаралық капитализмнің дауылынан байқалады. Сондықтан алғашқылардың қатарында осы сұрақты дәл осы құбылысты «жаһанданудың ырық бермес күші» деп анықтаған теоретик және публицист Энтони Гидденске бағыттау орынды. Лордтар Палатасының мүшесі бола отырып, саяси бағытына сәйкес әлеуметтанушы ретінде өзіне қатысты ауа-райының өзгерісі мен сандық дәуірдің салдары мәселелерін жиі көтереді.

Жаһанданудың екінші жағы Еуропа Одағы тізесін бүктіруге жақын қалған, бірақ ең ақырында ЕО Грекияның тізесін бүктірген Сириза қозғалысының тағдырынан көрінеді. Еуропа Одағының Грекиядан талап еткен қатаң үнемдеу салдарынан Грекиядағы кедейлік адам сенгісіз деңгейге шарықтап ғана қойған жоқ, сонымен қатар жоғары тап шексіз байлыққа кенелгені туралы бес мақала осында жариялап отырмыз.

Латын Америкасында онжылдыққа немесе қызғылт толқын деген атауға ие болған социал-демократияға қатынасын елдердің белсенді түрде оңшылдана бастауынан байқауға болады. Шығарылымда біз өзгерістер ағынының жасанды түсік жасату айналасындағы күреске ықпалын баяндайтын үш мақала жариялаймыз. Жаңа қарсылықтар Аргентина, Мексика және Перуде мемлекетпен соқтығысқа алып келді. Әсіресе, жүктілікті әрі болдырмайтын, әрі тоқтатын бір дәріні қолдану үшін күрес осы жәйтке мысал бола алады.

Араб қоғамдық ғылымының тағдырына үш түрлі көзқарас бар. Сараптаманың беташары Мұхаммед Бамухтың пәннің ахуалы туралы тамаша мақаласымен ашылады. Ол пікірталасты қысқа эсседен бастаса, Сетней Шами әлеуметтік ғылымдар инфрақұрылымы өзгерістерінің маңызы туралы идеясымен жалғастырады. Ыдырыс Жебери араб көктемі мен оның шарықтау шегінің салдары жөніндегі өзекті мәселелерді көтереді, араб көктемі әлеуметтік ғылымдарға жаңа серпін мен тың бағыттар ұсынып отыр.

Жас әрі іскер Косоволық әлеуметтанушы Лабинот Кунушевчидің белгілі әлеуметтанушы Джордж Ритцермен сұқбатынан үзіндіні жариялап отырмыз. Эдвард Тирикьян 1974 жылдан бергі ХӘҚ конгрестері туралы естеліктерімен бөлісе отырып, өткенге шолу жасауға мүмкіндік береді. Өз шәкірттерін аудармамен айналысуға қызықтыра алған Сатоми Ямамото жетекшілік ететін жапон редакциялық тобын таныстырумен кіріспемізді аяқтаймыз. Дакка (Бангладеш) қаласынан Хабибул Хондкер бастаған белсенді әлеуметтанушылар тобының «Жаһандық диалогтың» бенгал тілінде, яғни 17-ші тілде жарық көруіне мұрындық болғанын қуана хабарлаймын.

> Жаһандық Диалог [ХӘҚ ресми сайтында](#) 17 тілде жарияланады

> Мақалаларды мына адреске жолдауға болады burawoy@berkeley.edu



Энтони Гидденс, белгілі батыс әлеуметтанушысы және теоретик, Лордтар палатасының мүшесі, әлеуметтанушы ретінде саясаттың түйткілдерін түгендеп отырады.



Грек экономикасының құлдырауы. Бес мақала Грекияның жалғасып отырған ЕО мүшелігінің талаптары бойынша еуропалық келісімдердің салқынын сипаттайды.



Латын Америкасындағы жасанды түсік. Үш мақала Аргентина, Мексика және Перудегі жасанды түсік айналасындағы күрес туралы баяндайды.



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Редакциялық алқа

Редактор: Майкл Буравой.

Редактордың орынбасары: Гай Сейдман.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Августо Бага.

Редакциялық кеңес: Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Винетта Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндыоглу, Филомин Гуттиерес, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Абдул-мумин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоглоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі:

Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Аргентина:

Хуан Игнасио Пиовани, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.

Бангладеш:

Хабибул Хак Хондкер, Хасан Махмуд, Джувел Рана, Юс Рокейя Ахтер, Тоуфика Султана, Асиф Бин Али, Харун Нахар, Ешрат Джахан Аймун.

Бразилия:

Густаво Танигутти, Андреса Галли, Анжела Мартинс Джуниор, Лукс Амарал, Бенно Альвес, Жулио Дэвис.

Үндістан:

Ишвар Моди, Рашми Жаин, Джуотти Сидана, Прага Шарма, Нидхи Бансаль, Панкаш Бхатнагар.

Индонезия:

Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрияти, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохаммад Шохибудиин, Домингус Элсид Ли, Антониус Арио Сето Харджана.

Иран:

Рейханех Жавади, Абдулкарим Багани, Нияеш Долати, Вахид Ленджанзаде.

Жапония:

Сатоми Ямомото, Ютаро Шимокава, Шинша Камео, Мизуки Ичикава, Хаято Ишихара, Хироки Кавабата, Хироки Мураками, Кента Каджитани, Кенто Кусудо, Хиротака Танака, Чийе Ямада.

Қазақстан:

Айгүл Забиров, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Ғани Мадиярбеков.

Польша:

Якуб Барщевски, Адрианна Дроздовска, Кшиштоф Губански, Жустина Косинска, Камил Липински, Миколаж Миерзежевски, Каролина Миколажевска-Зажак, Адам Мюллер, Зофия Пенза, Тереза Телезинска, Анна Вандзель, Жустина Зиелинска, Яшек Зих.

Румыния:

Косима Ружиниш, Корина Брагару, Николета-Мадалина Алинкай, Адриана Бондор, Александра Чеканель, Татьяна Кожокар, Андрей Добре, Юлиан Габор, Стефания Кристина Чокану, Александра Исбашоу, Родика Лизеану, Мадалина Манеа, Анка Михай, Андреа Елена Молдовану, Миора Рареш-Михай Мушат, Уна-Елена Негри, Миоара Парашив, Ян Даниель Попа, Иоана Силистрару, Элиза Соаре, Адриана Соходолеану, Диана Тихан, Елена Тюдор, Кармен Вуанеа, Райса-Габриела Замфиреску.

Ресей:

Елена Здравомыслова, Анна Кадникова, Ася Воронкова.

Тайвань:

Джинг Мао Ху.

Түркия:

Гүл Шарбаджиоглы, Ирмак Эврен.

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти.

Шығарылым кеңесшісі: Ана Виллареал.

> Осы нөмірде

Редакциядан: Өткен мен бүгінді зерделеу	2
Әлеуметтану, Саясат және Билік: Энтони Гидденспен сұқбат Питер Коларч, Ұлыбритания	4

> ГРЕК ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫ

Грекия: Геосаясат пен банкроттық тарихы Василис К. Фюскас, Ұлыбритания	7
Грекиядағы мемлекеттік қатаң үнемдеу Мария Маркантонату, Грекия	10
СИРИЗА: сыбайластықтан прагматизмге Джон Милос, Грекия	12
Грек қаржы дағдарысынан ұтқандар мен ұтылғандар Спайрос Сакелларопулос, Грекия	15
Грек дотациялары мемлекеттік-корпорациялық қылмыс Стратос Георгулас, Грекия	17

> ЛАТЫН АМЕРИКАСЫНДАҒЫ ЖАСАНДЫ ТҮСІК ҮШІН КҮРЕС

Аргентинада мизопростол дәуіріндегі жасанды түсікке қатысты белсенділік Джулия МакРейнолдс-Перез, АҚШ	19
Мексикада жасанды түсік жасату құқығын реверсиялау Лернер, Мехико, Люсия Мелгар, Мехико және Агнес Гийом, Франция	22
Жасанды түсік - зорлық: Перудегі күрес Эрика Бюссе, Перу	25

> АРАБ ӘЛЕМІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМ

Араб әлеміндегі әлеуметтік ғылымдар Мұхаммед Бамух, АҚШ	27
Араб әлеміндегі әлеуметтік ғылымдардың жаңа инфрақұрылымы Сетени Шами, Ливан	29
Араб әлеуметтік ғылымдары –көктемге дейін және кейін Ыдырыс Джераби, Ливан	32

> АРНАЙЫ БАҒАНАЛАР

Джордж Ритцер Макдоналдану және Просьюмеризм жайында Лабинот Кунушевчи, Косово	35
Тарихи бағана: Халықаралық әлеуметтанумен қырық жылдан астам бірге Эдвард Тирикьян, АҚШ	37
Екінші жапон редакциялық тобымен танысу	39

> Әлеуметтану, Саясат және Билік:

Энтони Гидденспен сұқбат



Энтони Гидденс.

ПК: Сіз кең ауқымды мәселелерді көтерген кітаптар жазасыз: структурация теориясы, тарихи материализм, кеңі заманауилықтың жаңа кезеңі және жаһандану, жеке өмір мен сексуалдықтың өзгерісі, үшінші жол, ауа райының өзгерісі, ЕО болашағы, және жақыннан бері сандық төңкеріс тақырыбына қатысты айта бастадыңыз. Сіздің барлық кітаптарыңызға немесе басым бөлігіне тән ортақ ой бар деп айта аламыз ба?

ЭГ: Ең негізгі ортақ ойым - заманауилықтың табиғатын түсінуге талпыну, өнеркәсіптік қоғамның қалыптасуы мен оның бүкіл әлемге таралуы, бүгінгі күні тарихтағы ең революцияшыл және өзгертуші кезең. Мен үшін тарих шындығында үзіліп отырады, тарихтың эволюциялық үлгісі жоқ. Барлық кезде адамдар белгілі бір үлгіде қалыптасады, олар заттарды белгілі бір табиғи, әлеуметтік және географиялық жағдайлар тұрғысынан жасайды, бірақ осыған қарамастан адамдардың қабылдауы мен өзгерісі әртүрлі әдіспен жүзеге асады. Әлеуметтік ғылымдардағы Дюркгеймнің біз білетін/белсенді мақұлықтар емес негізінен белсенді емес агенттер ретінде әрекет ететініміз туралы көзқарасын жақтамаймын.

И.Гофман, менің ойымша, бәлкім көрнекті әлеуметтанушы болар, адамның күнделікті өмірдегі әрекетінің тәжірибелік сипатын баса көрсетті. Басқаша айтсақ, адам өз әрекетін білуі міндетті емес. Менің міндетім осы мүмкіндікті макроқұрылымдық процестермен байланыстыру. Мұны жасау сондай қарапайым емес, бірақ мен үшін өте маңызды: ілгеріде көптеген әлеуметтанушылар адамзат ірі

Энтони Гидденс 1970-жылдары классиканы заманауи дәуірге лайықтай отырып, әлеуметтік теория бойынша белгілі кітаптар жазып, британ әлеуметтануы қайта өрлеуінің көш басында тұрды. Құрылымданған әлемдегі агенттік мәселесін күнделікті өмір үшін жаһандықтың релеванттылығынан микропроцестерді макро күштермен байланыстыра бөлді. Жақын арадан бері сандық төңкерістің және оның ауа райы өзгерісіне байланысты адамзаттың өміріне қауіп төндіретін талдауды қолға алды. 30 астам кітаптың авторы, Лондон экономика мектебінің бұрынғы директоры және құрметті профессоры, 2004 жылдан бері лордтар Палатасының мүшесі. Сұқбатта ол әлеуметтанудың саясаттағы орны туралы ой қозғайды.

Питер Коларч Сассекс Университетінде (Ұлыбритания) әлеуметтану бойынша докторлық дәрежені алған. Технополис Груп компаниясында ғылыми кеңесші және Британия министрліктері мен Еуропалық комиссия үшін дайындалатын саясат пен бағалау мәселелері бойынша бірқатар зерттеулердің авторы. «Гидденс және үшінші жол саясаты: кеш заманауи дәуірдегі утопиялық реализм» кітабын Palgrave Macmillan баспасы 2016 жылы жариялады. Сұқбат 2016 жылдың 8 маусымы күні Ұлыбританияда, лордтар Палатасында өтті.

әлеуметтік жағдайлардың ойыншығы деп сендірді. Мен осы мәселелердің арасындағы қатынастардың күрделілігін көрсеткім келеді. Бұл - барлық кезде коммуникациялар мен байланыстардың өзгерісіне қызығуымның бір себебі. Күнделікті өмірдің және идентификацияның өзгерісі біз реттеуге тырысып отырған кең ауқымды жүйелердегі сияқты маңызды.

ПК: Әлеуметтік және саяси өзгерістерді неғұрлым маңызды деп қарайтындар үшін Сіздің жұмыстарыңыздағы қандай да бір ортақ өзекті мәселе бар ма? Бар болса, ол не?

ЭГ: Біз әңгімелесіп отырған жағдайда бұл былай болар еді: адамдардың жеке өмірін ұйымдастыруы мен олардың неғұрлым ірі құрылымдардың бөлшегі ретінде арасында өте нәзік өзараықпалдастық бар. Бұл саясатқа да қатысты, сонымен қатар басқа салаларға да қатысы бар.

>>

Игілікті саясат ешқашан көп болған емес және оның кері ықпалы жиірек.

ПК: Менің 2016 жылғы «Гидденс және үшінші жол саясаты: кеш заманауи дәуірдегі утопиялық реализм» к кітабымда утопиялық реализм концептісін қарастырамын. Сіз әлі де осы идеяны ұстанасыз ба?

ЭГ: Утопиялық реализмді мен әлі де ұстанамын. Міндеттің мәні - осы екі карама қарсылықты, утопиялық идеализмді нақты саясатпен біріктіруде. Мінсіз мұраттан жұрдай саясат мақсатсыз саясатқа айналады. Біз барлық кезде қалыптасқан ахуалды басқа жағынан, яғни статус квода қабылдауымыз керек. Сонымен қатар мінсіз мұраттар да - бос әңгіме. Утопиялық реализм ұғымы маған мінсіз мұраттар рөлін сезімталдырақ болу үшін ыңғайлы тәсіл сияқты көрінеді - бір жағынан осы жерде және тап қазір иелену, екінші жағынан осы мезетте мінсіз мұраттардың шындығында сатылатынын көрсетеді.

Бұл саясат пен әлем туралы ойлаудың тым сезімтал әдісі. Демократиялық саясатта сайлаудағы жеңіске ғана жұмыс жасайтын партия шын мәнінде ешқандай сайлауда ешқашан жеңбейді; жоғары мінсіз мұраттарды көрсете алмайтыны сияқты, адамдардың күнделікті өмірдегі күйкі тіршілігі және талпыныстарымен өздерінің байланысын көрсете алмайды. Осы шеңберді үзу өте қиын, оны бәріміз білеміз.

ПК: Бүгінгі саяси және әлеуметтік ландшафт тұрғысынан Сіздің 1990-жылдардағы жаһандану мен Үшінші жол мәселелері бойынша саяси қызметіңіз туралы қандай үкім шығарар едіңіз? Осы мәселеде Сіз күні бүгінге дейін маңызды деп есептейтін және ерекше мән бермеген бірнәрсе бар ма?

ЭГ: Қазір маған еске түсіру қиын, дегенмен сол кезде жаһандану ұғымы бүкіл әлем бойынша жеке адамдардың, ұйымдардың және мемлекеттердің өзара тәуелділігінің арта түсуі деу су жаңа болған, әсіресе саяси тұрғыда. Бастапқыда осы ойды аса парасатты тұрғыда қабылдауға саяси көшбасшыларды көндіруге тырысу өте қиынға соқты. Олар мені тіпті түсінбеді. Алайда кейінірек әп сәтте бәрі өзгерді. Олар жиі, тіпті шикі, ойластырылмаған деңгейде, айта бастаған кезде де тоқтату мүмкін емес болып қалды. Өкінішке орай, саясаткерлердің басым бөлігі, сондай-ақ көптеген әлеуметтік ғалымдар осы ұғымды негізінен жаһандық нарықтың кеңеюін көрсету үшін қолданды. Жаһанданудың сол кезде де, қазір де қозғаушы күші – шарықтау шегіне жеткен сандық революциямен – бәрінен бұрын коммуникациялар, әсіресе электрондық байланыс құралдары арқылы.

«Үшінші жол» ұғымын мен күмәндана қолдандым. Мен үшін ол солшылдар мен оңшылдардың саяси ұстанымдарын бөлуді білдірмейді. Мұны неолиберализм нұсқасы, азат етілген нарықтардың шексіз көрегендігі деп те түсінбеймін. 1998 жылы «Үшінші жол» атты кітабымда «қаржылық нарықты реттеу әлемдік экономикада ең күрделі мәселе» деп жазғанмын. Сол кезде де, қазір де мен әлбетте, мемлекетке теңестіруге болмайтын белсенді үкіметтің шешуші маңызға ие екеніне сенгенмін, дегенмен басқа агенттердің қатарынан шығуы мүмкін. Сол кезде де, қазір де мен өте терең де күрделі міндет екеніне қарамастан

жаһандық басқарудың тетіктеріне сенемін.

Мен үшін негізгі өзекті мәселе теңсіздік, жазғандарымды парақтаған кез келген адам оны оңай байқайды. Бұл байлық пирамидасының ұшар басында пайда болған қисынсыз теңсіздіктерге және еңбек өнімділігін арттыруға қабілетсіздікке, экономиканың төменгі деңгейлеріндегі көптеген адамдар еңбекақысының төмендеуіне байланысты маңыздырақ бола түсті. Пикеттидің «XXI ғасырдағы капитал» кітабы әлемдік табысқа ие болды, өйткені осы адам сенгісіз келеңсіздіктерді тудырып отырған құрылымдық себептерді мықты түсіндіріп беріп ғана қойған жоқ, сонымен бірге оларды баяулатудың кейбір мүмкін жолдарын ұсынды.

Дегенмен, әрине, саясат ұлттық, ал әлем - жаһандық. Сондықтан негізгі мәселе сақталып отыр: ұлттық саясатты мәні жағынан жаһандық әлеммен қалай келістіру мәселесі бізде әлі де бар. Популизмнің қайнар көзі осы қиындықта және шындығында ұлттық саясаткерлер өздері мәлімдегендей күшке ие емес екенін білетіндігінде.

ПК: Ұлттық саясат және жаһандық өзгерістер мен теңсіздіктер арасындағы сәйкессіздікті жою тәсілін көріп тұрсыз ба?

ЭГ: Иә, тәсіл болуы тиіс, өзімнің Еуропа туралы кітабымда салықтық жұмақ туралы мәселелерді үйлестіру қажеттілігі, батыс елдері экономикасындағы деиндустрияландыру процесін кері қайтару бұрынғымен салыстырғанда аса ерекше қалыпта өндірісті қайта құруға мүмкіндік беретіні жөнінде айтамын. Бұл сандық революциямен ұштасады, өйткені ақша электрондыққа айналды, ол әлем бойынша көзді ашып жұмғанша орын ауыстырады, бұл – салықтық жұмақтың орнауына ықпал ететін себептердің бірі. Сонымен қатар бұрынғыға қарағанда, әлем бойынша жемқорлықтан түскен ақшаның ақылға сыйымсыз үлкен айналымын жасыру қиынырақ бола бастады. Әлемдік қоғамдық пікір жаһандық деңгейде шексіз байлықты жасыру және ол туралы ешкім білмейді деп ойлау ниетіне түбегейлі қарсы деп ойлаймын.

Әзірге жаһандық басқару (демократиялық туралы айтпағанның өзінде) орындалмайтын арман сияқты, алайда жаһандық мәселелерді шешу үшін бірлесе жұмыс жасауға тырысып отырған бірқатар елдер мен халықаралық ұйымдар бізде бар. Париждегі ауа райының өзгерісі бойынша келісімдер нәтижесі қандай болатынын білу өте қызық болмақ: келісімдер бос сөз бе әлде жоқ па? Білмейміз, қазіргі сәтте, дегенмен олар бұрын қағаз жүзінде келісілгеннің бәрінен қатты ерекшеленетіні күмән туғызбайды. Бұл келісімдерге нақты жағдайда пайдалы қазбалар өндірісі қатты ықпал етеді. Олардың акцияларының құны төмендеп отыр. Отын энергетикасында түбегейлі жаһандық революция мүмкіндігі бар, іргелі мәселе - ол қайткенде тезірек болады. «Барлық қатты дене ауада балқиды» деген Маркстің керемет тұжырымы бар: бұл осы ұстанымның бір нұсқасы болар, көрерміз. Қолдану салаларына, ырғағына және сандық революция дамуының аса қатты жылдамдығынан туындаған жаһанданудың жаңа толқыны осы жерде үлкен ықпал етіп отыр.

ПК: Жаһандануды уақыт пен кеңістіктің нығыздалуы ретінде түсіну тәуекелді күшейтіп ғана қойған жоқ,

>>>

сонымен бірге мүмкіндіктерді де арттырды. Осы тақырып жұмыстарыңызда жиі көрініс береді. Сіздің ойыңызша, өзіңіз бір кезде айтқандай, шешуші тұрғыда осы жағдайларды басқаруға, «жойқын жаһандануға тойтарыс» беруге бола ма? Әлде біз бұған көніп, не болатынын жәй күтіп отыра береміз бе?

ЭГ: Ғаламтор – ықпалы тұрғысынан алғанда аса ғажайып құбылыс. Бұл шынында бір кезде болжанғаннан да асып түсіп отырған жаһандық феномен. Ол адам өмірінің құпиясын жаһандықпен байланыстыруға қабілетті. Алайда, бұл біз жақсы түсіне алатын сандық төңкерістің бір элементі ғана. Қалғаны – суперкомпьютерлер мен робототехника. Мен негізгі байланыстырушы бөлік ретіндегі суперкомпьютерлерді көрдім. қалтаңыздағы смартфон осыдан бірнеше ондаған жылдар бұрынғы суперкомпьютерден де асып түседі. Аталмыш алып алгоритмдік күш ұйымдар, кәсіпорындар мен мемлекеттер сияқты қарапайым тұтынушыға да қолжетімді. Әлемдік қауымдастық өмірінің әрбір қыры осының ықпалында және нәтижесі ретінде өзгеріп отыр. Бәрі бәріне айқын көрініп тұрған осы әлем, себебі смартфондар әлемдегі ең кедей қоғамдарға да жетті. Депрессиялық аймақтарды тастап, көшіп кетіп отырған қоныс аударушылар смартфондар мен GPS көмегін пайдалана отырып, қажетті бағыттарды зерттеп, басқа елдерден баспана іздейді. Бұл – ортағасырлық зорлықты сандық технологиялардың шеберлігімен үйлестіріп отырған ислам мемлекеті сияқты ХХІ ғасырдың көші-қоны. Көптеген адамдар сандық революцияны фрагментталған әлемді өндіруші ретінде түсінеді, дегенмен инновациялардың басым бөлігі, көбіне әскери мақсатта, мемлекеттік қаржыландыру, нәтижесінде жасалды. Ғаламтор тылсым сияқты көрінеді, бірақ ол мұхиттар астындағы сымдар мен аспандағы спутниктер түрінде нақты өмір сүреді, яғни тікелей мемлекет және мемлекеттік билік кепілдік беретін дүние.

Сондықтан былай қарағанда, мен геосаясаттың қайта жаңғыруы таңқаларлық жәйт емес деген ойдамын. Орасан зор корпорациялар мен барлық жердегі жарнамалар да қозғаушы күш болып табылады. Бұл – саяси процестің емес биліктің, мемлекеттердің немесе жаһандық корпорациялардың ықпалы нәтижесінде көптеген өзгерістердің, жанама түрде бізге де қатысты, жаңа ортасы. Порнография еркін айналымда, яғни «тегін» деген мағынада болатын әлемге ешкім дауыс берген жоқ. Бұл зиян да, зиян емес те болуы мүмкін. Біз оны білмейміз, себебі мұның бәрі біз үшін – жаңа.

ПК: Заманауи саясат туралы айтайық: солишыл күштер тұрғысынан болашақ жайлы конструктивті пікірталасты байқайсыз ба?

Э.Г.: Біз әлемдік қауымдастықтың тіні, мен жаңа ғана еске салған, күнделікті өмірдегі өзгерістерден әлеуметтанулық тұрғыда бастау алатын солишыл центризмнің жаңа нұсқасын жасауға талпынуға тиіспіз. Үшінші жол туралы пікірталастар сол кезде басымыздан өткерген негізгі өзгерістерді талдаудан шыққан, енді біз бүгін де өзгерістерді басымыздан өткізуіміз керек. Әлемдегі үлкен өзгерістерді талдау керек, осы өзгерістердің ерекшелігі неде екенін олар ұлттық және трансұлттық шекараларға қаншалықты сәйкес екенін байқау қажет.

Джереми Корбиннің билікке келуімен байланысты Лейбористер партиясындағы ахуал, бұл базбір гибрид деп ойлаймын – жас, басқаша айтсақ, сандық ұрпақ келе бастады, алайда идеялардан бұрынғының «желі еседі».

Біз, солишыл центристер, алға, болашаққа қарай жылжуымыз керек. Үшінші жол деп аталатын пікірталас аясынан шығамыз және бізге жаңа ой қажет. Барлығы бөлшектеніп кетті деген идеяға мен қарсымын, олай деп ойламаймын. Әлі де күш саясатын көріп отырмыз, жаһандық корпорациялардың тұрғысында анағұрлым әділ қоғамды қалай құруға болады, салық жұмағында тығып отырған заңсыз табыстардың өсуін қалай тежейміз деген сияқты ірі сұрақтарды Сіздер әлі де шешудесіз. Олай болса, билік бұрынғысынша өзекті. Елдер арасындағы, елдер ішіндегі, сонымен бірге ЕО шеңберінде ынтымақтастықтың маңызы зор.

ПК: Осы мәселені талқылаумен сұқбатымызды аяқтаймын.

Басқа ғалымдармен салыстырғанда Сіз ғылыми ортадан ресми саясатқа сәтті өттіңіз. Маған саясаттағы әлеуметтанушы болу деген не екені туралы пікіріңіз қызықтырады және тиісінше өз қызметіне саяси мазмұн беруге талпынып, саясатқа ықпал жасауға мүдделі әлеуметтанушыларға нақты қандай да бір кеңесіңіз бар ма?

Э.Г.:Иә, мен саясаттамын, алайда мен саясаткер емеспін. Мен ғалыммын және солай болып қаламын. Мен үшін ең керемет орта – университет, мен өзімді үйдегідей сезінетін орта. Саяси саладағы ойларым мен зерттеулерім қарапайым сипатта деп үнемі айтып жүремін. Кез келген саясаттағы ғалым үшін ең басты мәселенің бірі – әріптестеріңіздің екі типін де жоғалтып алуыңыз мүмкін. Ғалымдар үшін Сіз академиялық объективтіліктің принциптерін сатып кеткен адамға айналасыз, ал саясаткерлер үшін – күнделікті саяси өмірден ешқандай хабарыңыз жоқ адамсыз. Екі әлемнің ортасында теңдік сақтаймын деп жүріп, қайранда қалып қоюыңыз мүмкін. Академиялық және саяси әлемдер бір-біріне тіпті ұқсамайды және екеуін біріктіре алатындар некен-саяқ. Талдау орталықтары ғылым мен саясат арасындағы маңызды делдал рөлін ойнайды. Бұл ұйымдар университеттерде жүргізілетін зерттеулерге түбегейлі тәуелді. Олар ғылыми зерттеулерді саясат үшін тәжірибелік ұсыныстарға қарай бұратын рөл атқарады, және ғалымдарға қарағанда, әдетте бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланысты. Осы ұйымдардың элитасы жеткілікті дәрежеде үкіметтер немесе саяси субъектілердің кең ауқымымен тығыз қатынаста. Мен оны жалғыз жол деп отырған жоқпын, дегенмен өзімді саясатпен тығыз байланыстыруға шешім қабылдаған кезде 1990 жылдардың ортасында мен Қоғамдық саясатты зерттеу институтына (IPPR) келдім, ол жерде мен жеке танитын бір-екі ғана ғалым болатын. Тап сол жерде мен кең саяси желіге кіруге мүмкіндік алдым. Сонымен қатар ҚСЗИ/IPPR анағұрлым кең халықаралық желіде болып шықты, институт басқа елдермен, соның ішінде АҚШ-пен жақсы байланыста еді. Мен ешқашан біреудің саяси кеңесшісі болған емеспін, сондықтан бірінші кезекте мен өзімді ғалым деп санаймын. ■


Хаттарды Энтони Гидденске <Ax.Giddens@lse.ac.uk> және Питер Коларчқа <kolarz.peter@gmail.com> жолдауға болады.

¹ Giddens, A. (2014) *Turbulent and Mighty Continent* (second edition). Cambridge: Polity.

> Грекия: геосаясат және банкроттық тарихы

Василис Фюскас, Шығыс Лондон университеті, Ұлыбритания

Грек тарихын дискі емес, банкрот сипаттайды. Арбу иллюстрациясы.



1 830 жылы Пелопоннес, Оңтүстік Румелия, Эвбея және Киклад аралдар кешенін қамтитын Балқан түбегінің оңтүстік бүйірінде негізі қаланған грек мемлекеті экономикалық, ұлттық өнеркәсіптік буржуазияның дамуынан гөрі империялық геосаяси апат нәтижесінде пайда болды. Батыстың империялық күштері әлсіз Грек мемлекетін, Пруссиялық Юнкер не Италиялық Пьемонтта орын алған феодалдық өндірістің орнына индустриялық капитал өндіруге бағытталған ұлттық-революциялық үрдістер алаңы емес, Ресей мен Мысырдың Жерорта теңізінің шығысындағы территориялық өктемдігін тыюға деген геосаяси қажеттіліктің бөлігі ретінде қарастырды. Геосаяси факторлар Грекияның құрылуына ерекше әсер етті және Грекияның қазіргі қарызға бату дағдарысының негізін түсінуде геосаяси/геостратегиялық мәселелердің маңызы зор. Батыс осы күнге дейін Грек мемлекетінің маңызды географиялық орнын грек қоғамының мүддесіне емес, өз пайдасына қолданып келді.

>>

> Он тоғызыншы ғасырдағы Жаһандық қаржымен байланыстар

Осман империясымен тәуелсіздік үшін соғысу мақсатында грек элитасы Батыстан қомақты қарыз алды. 1820 жылдары екі рет, яғни біріншісінде 800,000, кейін 2 миллион фунт қарыз алды. Грек мемлекетінің бұғанасы қатпаған билігі алғаш рет банкротқа 1824-1825 жылдары Франция мен Англиядан алған қарызын қайтара алмағанда душар болды. 1832-1833 жылдары тағы 60 миллионға (алтын франк) несиелік келісім шарт жасалып, толығымен регенттік пен әскерді жарактау үшін жұмсалды. Нәтижесінде Грекия 1843 жылы тағы да банкрот болды.

1827 және 1877-78 жылдар аралығында Грекия Батыс қаржы нарығынан шығарылып тасталды. Бұл уақыт аралығында билік Осман империясында қаржылық әл-ауқаты елеулі бай грек диаспоралары, еврей және армян саудагер таптарын инвестициялық жобаларға (көбіне сәтсіз) тарту арқылы ішкі қарыз алумен болды. Индустриялық дамуы төмен және ауқымды экономикалық шараларға ұсақ көлемінің кесірінен ілесе алмайтын Грекия XIX ғасырда тежеулі артта қалған әрі тәуелді экономикалық ел ретінде қарастырылды; 1893 жылы Грекия тағы бір рет банкротқа ұшырады.

Дегенмен, қаржысы мен индустриялық секторлары құлдырап, банк жүйесі тиімсіз Грекияны Батыс әрдайым өздерінің империялық геосаяси мүдделері тұрғысынан қарастырған еді. Австро-Венгрия мен Осман империялары бас тартқан соң, Ресей үшін және Германия мен Италия сияқты жаңа акторлар жаңғыртқан Батыс Еуропа империализмі үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Балканның христиан микро-мемлекеттері Батыстың Осман империясымен соғысында өз өкілдіктерін ұсынды. Бірінші Дүние жүзілік соғыстың соңында османдықтар Еуропадан ығыстырылып, Балқан/Шығыс Еуропа және Таяу шығыс шекаралары қайта сызылды.

Халқының бәрі грек емес жаңа

жерлерді жаулап алып, XX ғ. алғашқы екі онжылдығында либералды ұлтшыл Элефтериос Венизелостың басшылығымен Грекияда елеулі өндірістік белсенділік байқалды. Ұлыбритания демеуімен Венизелос Кіші Азиядағы кемалистік-ұлтшыл күштермен күресті жалғастырды. Бұл күрестің залалы Грекия үшін де қазіргі Түркия үшін де зор болды. Грекияға шамамен 1.4 миллион христиан босқындар келгенімен, өз тарихындағы алғашқы этностық гомогенділікке ұшыраса, Түркия ең ірі кәсіпкер көпестерінен айрылуының нәтижесінде мемлекет басқаратын авторитарлық экономикалық дамуға бой ұрып, этностық және діни гомогенділігінен айрылды.

Экономикалық базасы әлсіз және билеуші саяси элитасы империялық мүдделерге байланған Грекия өзінің геостратегиялық артықшылықтарын капиталға айналдыра алмады. Осылайша, тиімді географиялық жағдай артықшылық болудың орнына жауапкершілікке айналды. Бұл қайталанбалы тұрақсыз қарыз тудындататын клиентуралық және жемқор мемлекеттік машинаны қамтамасыз ету үшін үздіксіз ішкі қарыз алу тікелей борышкерлік мәселесіне ауысты.

> 1929 жылғы қаржы дағдарысы мен оның салдары

1929 жылғы әлемдік қаржы дағдарысы басталғанда, Грекия 1932 жылы төртінші рет банкрот болды. Одан кейін диктатор Иоаннис Метаксас импорт алмастырушы индустрияландыру саясатты көздей отырып, елдің төлем балансын айтарлықтай жақсартты. Сонымен қатар, империялық көшбасшылық туы жаңа әлемдік гегемон АҚШ-қа тигенде, Қырғи қабақ соғыс өз пайдасын әкеле бастады: «Капитализмнің алтын ғасыры» барысында Грекияның ішкі солшыл коммунистік күштері оқшауланып, оның геосаяси маңыздылығы америкалық капитал мен қарыздың жаппай ағынымен қамтамасыз етті.

Бірақ, Грекия сонда да қарызға белшесінен батып, периферия болып қала берді. Оның дәлелі ретінде 1960

жылы Грекия банкінің губернаторы, Ксенофон Золотас, Афиныдағы АҚШ елшісінен қарыз сұрап барғанда, елші геосаяси жанжалды нұсқап жауап бергенін келтіруге болады. Шын мәнісінде, елші егер Грекияға қарыз керек болса, оның Дин Ачесонның Кипр туралы НАТО державаларының аралды Грекия мен Түркия арасында бөліп алу туралы құпия келісілген жоспарын және Кипрдың бірікпеу қозғалысының лидері архиепископ Макарийді қолдауы қажеттігін алға тартқан. Геосаяси жағдай қарыз мәселесімен осылайша тікелей айырбасқа түсті. Кипрдің Батыс үшін маңыздылығы мынадай болды: АҚШ орталық барлау басқармасы арқылы Грекияда әскери диктаторлық жүйені жандандырды; демократия тек 1974 жылы Кипр бөлінгеннен кейін орнады.

1950 жылдардан бастап, 1970 жылдар бойы Грекия Батыстық даму үлгісімен жүре алмады. Алайда осы мерзім аралығында Батыстың талапты кейінгі саясатымен салыстырғанда Грекия кейін неолибералды деп аталған саясатты қолдады. Оның экономикалық дамуы Қырғи қабақ соғыстың арқасында сұранысқа бағытталған және про-монетарлық болды. Кеңестік коммунизмнің солшыл жақтастары Азаматтық соғыста (1944-49) жеңілгенімен, халық арасында әлі де кең қолдауға ие еді, себебі консервативті мемлекет азаматтық қоғамда ашық саясат жүргізуден бұлтартты. Саясатқа еркін араласу және сұранысқа бағытталған экономика 1974 жылға дейін қозғалыссыз қалды.

Дегенмен 1974 жылдан кейін, бірінің орнын бірі басқан оңшыл Константин Кераманлис (1974-81) және социалист Андреас Г. Папандреу (1981-89, 1993-96) кабинеттері өз партиялық қызметкерлерімен толтырып, ірі жеке кәсіпорындарды мемлекет меншігіне өткізу, әсіресе 1980 жылы салық есебінен емес әділетсіз ішкі және сыртқы қарыз алу арқылы алауқатты Грекия мемлекетін жасау негізінде грек саясатын талап цикліне ауыстырды. Тіпті Еуропалық экономикалық қауымдастығына 1981 жылы

>>>



кірген кезде, Батыс неолибералды жаһандану/қаржыландыруға ауысып жатқанда, Грекия әлі өзінің сұраныс саясатын ұстана берді.

Геосаяси факторлар қайта қайта айқын көрінді: АҚШ инвестициясы таусыла бастаған шақта Грекия ЕЭК-ға НАТО-ның оңтүстік ширегін тұрақтандыру стратегиясының бөлігі ретінде Португалия мен Испаниядан 5 жыл бұрын кіргізілді. 1980 жылдары грек экономикасында неміс және француз қаржысы басым болды және Балқан түбегінде қаржылық қызметті тарату үшін Грекияны плацдарм ретінде пайдалану жолы ретінде неолибералды күн тәртібін қабылдауға мәжбүрледі.

> Еуроаймақтағы экономикалық жағдайдың нашарлауы

Кейінгі он жылдықта, әсіресе 2001 жылы еуроаймаққа кіргеннен кейін, Грекияның бәсекелестік

жағдайы бірден нашарлады. Тоқыма сияқты дәстүрлі пайда өндіретін өнеркәсіптер жойылды. Балқан елдері мен Таяу Шығысқа тарай отырып, қаржылық және банктік қызметтер Грекия экономикасын басымдыққа ие етті. Мемлекеттік активтер бірінен соң бірі жекешелендіріле бастады. Елдің сыртқы және ішкі қарыздарға тәуелділігінің артқаны соншалықты, мемлекеттік активтер шетелдік капиталға ашылып, монетарлық егемендігінен айырылды.

Әлемдік қаржы дағдарысы еуроаймаққа келгенде, ең көп зардап шеккен Грекия болды, өйткені ол капитал аккумуляциясының неоимперлік қаржы тізбегіндегі ең әлсіз буын. Жиырма жыл қатаң үнемдеу шараларын жіті ұстану мен келісімнен шығуға ұласқан неолибералды қаржыландыру Грекияның мына мәселелерінің ешқайсысын шешкен жоқ:

индустриялық артта қалушылық, ұйымдастырушылық кемшіліктер; ағымдық төлем балансының жетіспеушілігі және ЖІӨ-ге шаққандағы жоғары дәрежедегі қарыз; алып бюджеттік дефицит және қаржылық мәселелер. Күн энергиясы мен «жасыл» өнім сияқты өндіруге негізделген өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы секторларына сенімді мемлекеттік инвестициялар мен күш салу қажет. Сонымен қатар, ешкімге тәуелсіз сыртқы саясат турбулентті Балқан мен Таяу Шығыстағы мемлекеттің геосаяси стратегиялық орны мен бейбітшіл саясатын артықшылыққа айналыра алар еді. Егер бұл қазіргі еуроаймақта жүргізілетін саясат шеңберінде жүзеге аспаса, Грекияның емес, еуроаймақ мәселесі. ■

Хаттарды Василис Фюскасқа <v.fouskas@uel.ac.uk> жолдауға болады.

> Грекиядағы мемлекеттік қатаң үнемдеу

Мария Маркantonатоу, Эгей Университеті, Грекия



Көшедегі сатушы Афины орталығындағы Петрос Джианакурис (Giannakouris) дүкенінің алдына киімдерін жаюда. Суретті түсірген AP.

Кұрылғаннан бері еуроаймақ ұлы либералды экономист Фридрих Хайек ықпал еткен, әсіресе, ақша-несиелік және фискалды саясатты ұлттық саясаттан оқшаулау, нәтижесінде демократиялық процестер мен басқарудан да оқшаулау сияқты ұсыныстармен жүрді. Бұл жоба ешкімге тәуелсіз мыс Орталық банк және экономикалардың қатаң валюталық ережелерді ұстануды қадағалайтын институттық негіз арқасында жүзеге асты, алайда тіпті «алтын стандарт» дәуірінің өзінде бұл ережелер барлық мемлекеттер үшін бірдей іске асқан жоқ. Еуроаймақтың нарыққа бағытталған саясаты әлемдік дағдарыс басталғаннан-ақ белгілі болды. Тіпті, кейбір саяси күштер еуропалық интеграция жобасының шеңберінде басында әлеуметтік игіліктер мемлекеті моделін қолдаса, 2010 жылдан бергі дағдарысты басқару, әсіресе Грекиядағы, «әлеуметтік Еуропа» пайымының сәтсіз жоба екендігін байқатты.

Грекияға 2010 жылдан бастап елді халықаралық нарықтардан шеттетуден басталған қатаң экономикалық либерализм жүктелді. Өткен алты жыл бойы әр түрлі саяси бағыттағы мемлекеттер (әлеуметтік демократиялық, оңшыл, солшыл, технократ, уақытша, коалициялар) «Ұғыну

меморандумы» деп аталатын Грекия мен оның халықаралық борыш берушілері арасындағы келісімдер сериясы аясында жедел ондаған жаңа заңдар мен нормативтік актілер енігізілді. Грекияның несиеге, оны қайтару міндеттеріне қол жеткізуі үшін кәсіпкерлікке бейімделген заңнама, жекешелендіру, 1990 жылдардың ортасынан еңсесі көтерілмеген, грек әлеуметтік мемлекетіне арналған шығындарды одан әрі қысқартумен қатар қатаң үнемдеу шаралары енгізілді.

Меморандум I бастап бүгінгі Меморандум III бойы фискалды тәртіп жаңа доктринаға айналды. Қатаң үнемдеу шараларына қарсы орын алған жүздеген шерулер, демонстрация, наразылық акциялары және жаңа әлеуметтік қозғалыстар мен саяси партиялардың құрылуына қарамастан, несие берушілер тарапынан болуы мүмкін «Грексит» (Грекияның Еуропалық одақтан шығуы) салдарына қатысты қорқыту, қысым көрсету және әр түрлі дәрежедегі ашық және жасырын психологиялық қокан-лоқы азаймады.

Қатаң үнемдеу саясатының нәтижесінде 2010 жылдан бері Грекияның ЖІӨ 27% төмендеді, бұл өз кезегінде АҚШ-тың 1930 басынан кешірген құлдырауымен пара пар. Өмір сүру стандарттары күрт нашарлады; салық көлемінің

>>

артуымен қатар, жалақы мен зейнетақыны қысқарту 20% бен 50% аралығында болды; халықтың басым бөлігі кедейге айналды. Қоғамдық сектордағы шығындар тез қысқарды, мыңдаған адам жұмыстан қысқартылып, жаңа қызметкер алу барысы тоқтатылды; сонымен қатар, қысқа мерзімдік рәсімдер билікке мемлекеттік меншікті жекешелендіруге мүмкіндік берді.

Мемлекет меншігіндегі кәсіпорындардан мектеп, емхана тіпті ауруханаларға дейінгі қоғамдық ұйымдар көп толғанысты қажет етпей-ақ жабылды. Қалған институттар адам саны артып, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік көмек сияқты халыққа көрсетілетін қызметтер әлеуметтік сұраныс қажеттілігін қанағаттандыра алмады.

2006 жылғы 9% жұмыссыздық деңгейі 2014 жылы 27% көтеріліп, Грекияның жұмысшы табы жарқын болашақтан үміттерін үзгендей болды: экономиканың жақын арада қайта қалпына келуі күмән тудырды. Грекия жастарының жартысынан астамы жұмыссыздар қатарын көбейтіп, жұмыс жағдайының күрт нашарлап, еңбек нарығына жаңадан келгендер күрделі мәселелерге тап болды. Отбасылар балалары мен қарттарын жалақы мен зейнетақының қысқаруы салдарынан қолдаудан қалып, солтүстік еуропадағыдай ешқашан дамымаған грек отбасы моделі мен әлеуметтік мемлекетінің алдында жаңа тәуекелдер тұрды. Аталмыш отбасылық үлгі кейде дамымаған капитализм белгілері – ЕО Меморандумында көрсетілген заманауи реформаларда көрініс табатын пайым – деп қарастырылғанымен, қазір Грекияның еуропалық әлеуметтік мемлекеттің кайсібір түріне қарай дамып отырғаны шамалы.

Грек отбасылық моделі мен жалпыға бірдей игілікті көздейтін мемлекетін қажетті реформа дей тұрып, кредиторлар оны қайта реттеп, нарыққа бағынған модельге бұрды, яғни әлеуметтік қорғауды мүмкіндігі жететіндер ғана қолдана алады.

Бұл қайта реттеу – қандай бір әлеуметтік акторлар арасындағы диалог немесе әлеуметтік келісімінің нәтижесі емес. Ұлттық және одан жоғары дәрежедегі «шұғыл процедуралар» арқылы қабылданған транспарентті емес шешімдер кредиторлар мен жергілікті элиталар қажеттіліктерін қанағат тандырды; дағдарыс кезінде ұлттық және халықаралық саяси акторлардың тиісті міндеттері мен жауапкершіліктері арасындағы нақты шекара жойылды. Грек сайлаушылары саяси шешімдерге қатысудан тыс қалды. Оның орнына Еуроgroep конференциялары мен Экономикалық және қаржы мәселелер бойынша кеңес парламенттік функцияның орнын басты. Халықаралық банкирдің премьер министр қызметін атқаруы сияқты 2011 жылғы «технократтық үкімет» идеясын тықпалау осы үрдістің шырқау шегі болды. Ал демократиялық құралдар нәтижесіз болып, бүкіл дағдарыс бойы референдумдардан бас тартылып, немесе бас тартылды деп көрсетіп келді.

Карл Поланидың экономика мен қоғам арасындағы бөліну нарықтық либерализмге тән деген идеясы Грекиядан басқа еш жерде байқалмайды. Мұндай бөліну мемлекеттік араласуды қолданатын либералдану формасын құрайды. Полани түсіндіргендей нарықтық жүйе әрдайым мемлекеттік

араласу нәтижесі болған. Бұл жағдай Еуропалық Одақ тарихындағы ең тиянақты әрі кең саяси араласу болып табылатын Меморандум келісімдерінен айқын көрінеді.

XIX ғасыр капитализмі, Полани түсіндірген мағынада, өзін-өзі реттейтін нарық қызметіндегі ақауға либералдар арнайы әлеуметтік топты кінәлі деп есептейді. Сондай-ақ, қазіргі Грекияда елдегі жағдай үшін қоғамды кінәлау басым: еңбекшілер жоғары жалақыны қалайды, мемлекеттік қызметкерлер тым көп, әлеуметтік көмек тым артық, мемлекеттік меншік аса көп. Сондықтан, басқарылатын үнемдеу нарықты қалпына келтіру үшін жалпы ысырапшылықты тыюға негізделген жазалаудың заңды түрі ретінде ұсынылды.

Грекияның дағдарыс менеджменті еуроаймақтағы үнемдеуді институттандыру стратегиясының бір бөлігі. Оның құралдардың бірі саяси емес мыс Еуропалық билік өкілдеріне ұлттық бюджеттерді қадағалауды арттыруға мүмкіндік беретін Фискалдық келісім. Алайда дағдарыс, сондай-ақ, Еуропа валюталық одағының құрылымдық кемшіліктері мен ақауларын жарыққа шығарды. Еуроаймақ экономикалары бәсекелес нео-меркантилизмге бағытталғандықтан, оңшыл және неофашистік күштер өз электораттық ықпалын күшейтті. Еуропалық интеграция бойынша оптимизм біртіндеп саяси тізгінді аз ғана жыл бұрын ескірген деп қарастырылған ұлтшылдық пен егемендік тұжырымдарына берді. «Ауқымды Еуропа» және «көбірек саяси интеграция» жақтастарының ұсыныстары енді мазмұнсыз көпірме сөзге айналды; экономикалық либерализмнің күшеюіне алаңдаулы еуроаймақ элиталары құрылымдық қайта құру бағдарламасына қатысушы елдердегі қатаң үнемдеу немесе бюджеттік тәртіпті жеңілдетуге, еңбек пен мемлекеттік инвестицияға қаржыны еселеуге қатысты кез-келген шараға қарсылық білдіріп, қарызды қысқарту ниеттерінің жоқ екендігін байқатты.

Жазалау үшін үнемдеу, Конституцияда бекітілген бюджеттік тәртіп және неолибералды, Еуропаішілік отарлау Грекия мен тағы басқа жерлерде еңбек үшін жағдайды қиындатып, әлеуметтік қайта реттеуді тереңдетіп, прекаризация және саяси тұрақсыздықты арттырды. Қатаң үнемдеуден шығудың сенімді жоспары ұсынылмайынша, қарапайым халық арасында негізгі шешімдерді әлде бір жақта нақты халық алдындағы жауапкершілігі жоқ халықаралық элиталар қабылдайды деген сезімін одан әрі күшейтіп, ұлттық экономикалар арасындағы айырмашылық пен теңсіздіктер арта береді, бұл жағдайда жаһандануға қарсы талаптар және еуроаймақты тарату үшін дәйектемелер кеңірек аудиторияны тартады. Мәселе бұл талаптар мен дәлелдердің қандай саяси пішінге айналатынында және онда қандай әлеуметтік күштер басым болатындығында. Демократияландыру үшін күресіп, неолиберализммен ат құйрығын кесіскендер басымдыққа ие бола ма? Әлде Еуропаның әсіре оңшылдары әсіре ұлтшылдықты қолдай ма? Осы күнге дейін Поланидің «қос қозғалысы» демократияны әлсіретіп, бұлыңғыр болашақ сценарийін дамытып, нарықтық күштер мен олардың саяси өкілдерінің жеңімпаздығын көрсетуде. ■

Хаттарды Мария Маркантонатоуға mmarkant@soc.aegean.gr жолдауға болады.

> СИРИЗА: сыбайластықтан прагматизмге

Джон Милос, Афины Ұлттық техникалық университеті, Грекия



Афиныдағы SYRIZA жиыны.

СИРИЗА 2004 жылы қанатының астына оннан астам солшыл ағымдар мен саяси топтарды біріктірген еркін коалиция ретінде құрылған. Оның құрылуы кейін СИРИЗА-ға біріккен саяси топтардың көпшілігі грек және Еуропалық алтерглобализм қозғалысының құрамына кірген уақыттан, яғни 2000 жылдан басталады. 2001 жылы бірнеше мың грек солшылдары Генуядағы жоғары дәрежедегі G8 бас қосуында ең ірі еуропалық антиглобалистік шеруге қатысты; сол қатысушылардың көбісі кейін Грекияның саяси сахнасы мен парламентінде табанды солшылдар полюсі ретінде пайда болған СИРИЗА коалициясының

>>

құрамына кірген саяси ұйымдардың мүшелері болатын.

Тарихи, СИРИЗА өз дәстүрлерімізден шыққан: коммунистік дәстүр (өзара араздығымен ерекшеленетін бұрынғы кеңесшіл және Еуро коммунистік топтар); экстра парламентарлық солшыл дәстүр (өзара араздығымен ерекшеленетін негізінен троцкистік, маоистік және еуро-коммунистік дәстүрлер); 2000 жылдардың басындағы «Алтер-глобализация қозғалысы» және әсіресе, 2012 жылғы сайлау нәтижесінде Грек әлеуметтік демократиялық партиясы (Бүкіл гректік социалистік қозғалыс – ПАСОК) ыдырағаннан кейін өрбіген Грекияның реформистік солшыл әлеуметтік-демократиялық дәстүрі. 2009 жылғы ұлттық сайлауда жинаған 4.6% дауыстан СИРИЗА 2012 жылы 27% дауысты иемденіп, бұғанасын бекітті. Ал, ПАСОК 2009 жылғы 44% 2012 жылы 13.8% дейін құлдырады. 1974 жылы Әскери ереже күшін тоқтатқаннан бері, ПАСОК оңшыл Неа Демократиямен кезектесіп, билікке келіп отырған, алайда 2015 жылдың қаңтарында СИРИЗА 36% дауыс жинап, билік партиясына айналғанда ПАСОК 4.6% дауыс жинап, ойсырата жеңілді.

СИРИЗА дамуын жалғастырды. 2012 жылдан СИРИЗА елдің басты оппозициялық партиясына айналғанда «прагматизмге» қарай ауысты және «жаңа СИРИЗА 27%» «ескі СИРИЗА-дан 4%» ерекшеленіп, ПАСОК-тың бұрынғы мүшелері СИРИЗА-ға мүше болып, біртіндеп реформистік бағытты қабылдады. 2014 жылы Еуропалық парламент сайлауында, СИРИЗА 26.5% дауыспен алға шығып, алдағы сайлауда үкіметке басты серіктес болуға дайын болып көрінді. СИРИЗА «тиімділігі» мен «жеңіске деген сенімінің» артқаны сонша, оның көптеген көшбасшылары солшыл-центристік саясаткерлер мен солшыл-центристік кейбір саяси құрылымдармен ойнақтай бастады.

БАҚ бетіндегі және ұрандарындағы ресми тілі мен бастапқы мақсаттары өзгере бастады. «Солшыл үкімет үшін» деген ұрандары біртіндеп «Ұлтты құтқару үкіметі» дегенге ауысты; «Билік, байлық пен кіріс еңбек үшін» деген ұран «Елді өнеркәсіптік қайта құруға» алмасты. Прагматикалық позициялар – қоғамды демократиялық басқару мен адамдарға бағытталған экономика, дербес бағдарланатын, кооперативті өндіріс схемалары және нарықтан тыс әлеуметтік экономика деген ойлар шетке ығыстырылды.

СИРИЗА-ның сайлауалды бағдарламасы қатаң үнемдеу саясатын жойып, елге несие берушілерді грек қоғамдық секторын қаржыландыруды қайта жаңғыртуға көндіруге уәде берген болатын; СИРИЗА билікке келгеннен кейін бірнеше аптадан кейін ол уәделер оңтайлы Меморандумдар және 2015 жылғы ақпанда Қаржы министрі И.Варуфакис алдын ала келісім бойынша қол қойған келіссөздердің жалғасуына жол берді. Варуфакис ешқашан СИРИЗА мүшесі болған емес және ешқандай солшыл саясатты қолдаған емес; министр болып тағайындалғаннан кейін көп ұзамай позициясының СИРИЗА бағдарламалық бағытынан алшақ екенін аңғартты. Ол дағдарысты барлық әлеуметтік таптарды бірдей құрбан етті, жалақыны

арттыру бәсекелестікке нұқсан келтіреді деп, экспортқа бағытталған жүйе құруға шақырды. Осылайша оның Меморандум шараларының 70% Грекия үшін пайдалы деген қоғамдық пікірін жиі қайталауы тегін емес.

Дегенмен, СИРИЗА билікке Меморандум шараларының 70% жүзеге асырамыз деп жеткен жоқ болатын. Ондай болғанда, СИРИЗА бүгінгі Грекияның парламенттік картасында болуы екіталай еді. Варуфакис мәлімдемелерінде кездесетін пікірі іс жүзінде сол уақытқа дейін Грекиядағы солшыл үкіметтің тарихи тәжірибесін қолдаған әлеуметтік альянсты өзгерту әрекетін құрап, СИРИЗА мандатын қайта анықтады.

2015 жылғы ақпан келісімі грек үкіметі еуропалық неолибералды қатаң үнемдеу шеңберінде келіссөздерді өз ымырасын жасыру үшін құрма жапырағы (адам ата ұятты жерін жапқан жапырақ) ретінде ғана жүргізгенін анық аңғартты. Бұл құрма жапырағы бір жағынан «гуманитарлық дағдарысты аяқтау» (тым нашар жағдайдағылар үшін коммуналдық жеңілдіктер, азық-түлік талондары т.б.) үшін жеңілдетілген бағдарламаны қамтыса, екінші жағынан жалақы мен зейнетақыны тікелей атаулы қысқартудан бас тартып, жаппай жұмыстан шығару және негізгі тұтыну тауарларына ҚҚС төмен коэффициентіне қатысты алдыңғы директиваны қолдауды қамтыды. Үкімет өзінің сайлауалды бағдарламасына берік болудың орнына жай ғана төмен және орта табыстыларға қатысты қатаң үнемдеу шараларын одан әрі өршілтеу үмітімен Грекияның неолибералды институттық және экономикалық негіздерін өзгеріссіз қалдыратын келісімдерді іздеді.

Дегенмен, кредиторлар мұндай ұсыныстарды ешқашан қабылдаған емес, оның орнына жалақы мен зейнетақыны қысқартудың жаңа үлгісін қамтитын күрделірек неолибералды саясат арқылы Грекияның одан әрі қаржылық даму жоспарын («Юнкер жоспары») ұсынды. Тағы бес айға созылған келіссөздер барысында үкімет өз кредиторларынан уәде етілген транштардың ешқайсысына қол жеткізе алмады. Ал Грекия болса, Еуропалық орталық банк (ЕОБ) пен Халықаралық валюта қорына (ХВҚ) барлық мемлекеттік қаражаттың 2015 жылдың маусымындағы ақтық сарқылуы мен мемлекет қазынасында ақша іс жүзінде біткенше өз қарыздық міндеттемесін өтеуін тоқтатқан жоқ. Сол аптада премьер-министр А.Ципрас «Юнкер жоспарына» орай референдумда дауыс беруге шақырды. Сайлау біткенше Грекия банктен ақша шешуді шектеуге мәжбүр болды, себебі аландаулы салымшылар өз салымдарын қайтарып жатқандықтан, ЕОБ банктерге қосымша қарыз беруден бас тартты.

Референдум кампаниясы ондаған жылдар бойы байқалмаған таптық және әлеуметтік жіктелуді тудырды. Екі Грекия бір-бірімен таласқа түсті: кедей-кепшік, жалданбалы жұмысшылар, жұмыссыздар, кіші кәсіпкерлердің көбісі «Жоқ» деп дауыс берсе, жоғары тап өкілдері «Иә» деп дауыс беруге шақырды. Банктер жабылып, бұқаралық ақпарат құралдары «Жоқ» деп

>>>



Алексис Ципрас, Еуропаның аскетизмге қарсы сүйікті солшылдарының көзқарасымен.

дауыс беру апатқа апарды деп насихаттап жатқанда, жұмыс берушілер өз қоластындағыларды «Иә» деп дауыс беруге мәжбүрлеумен болды, дегенмен грек халқының шамамен үштен екісі (61.3%) «Жоқ» деп дауыс берді. Бірақ прапарламентте үкімет консервативті оппозициямен бірлесе отырып, «Жоқ»-ты «Иә»-ге ауыстырды. 2015 жылдың шілдесінде СИРИЗА жаңа Меморандумға, яғни іс жүзінде «Юнкер жоспарының» көшірмесіне, қол қойған кезде Грекияның кредиторлар мен догмалық Еуропалық элитаның арасындағы шайқастағы бопсалау нәтижесіндегі жеңілісі деп сипатталды.

Бұл интерпретация Меморандумдарды не өсімге бастамайтын экономикалық қателік, не Грекияға «шетелдік мүдделердің» шабуылы деп қарастыратын СИРИЗА ішіндегі дауыстармен үндес болды. Осылайша, болашақта жемқорлықпен күрес және мемлекеттік құрылымның жаңаруы сияқты балама мемлекеттік шаралармен қайта жаңғыртыла алатын СИРИЗА-ның соңғы капитуляциясы мүшелері жиі қолданатын термин «қиын шайқастағы ерлікпен қаза табу» ретінде есте қалды. Дегенмен қатаң үнемдеу «жалған саясат» ғана емес, сондай-ақ жұмысшылар, жұмыссыздар, зейнеткерлер және экономикалық әлжуаз топтарға капиталдың діндеген мүддесін жүргізетін таптық стратегия; ол еңбек етушілерге азырақ құқық, мүшкіл әлеуметтік қорғау, төмен әрі икемсіз жалақы және мардымсыз келіссөз жүргізу мүмкіндігін ұсынады.

Кейбір шектеулерден тыс, әлеуметтік өмірдің барлық жағын еркін нарыққа тіреу неолиберал истеблишмент үшін саяси қауіп төндіруі мүмкін, себебі ол әлеуметтік наразылық легін тудыруы ықтимал. Басында Грекия

жұмысшы табы да, СИРИЗА да қатаң үнемдеу саясатын тоқтатуға құлықты болғандықтан, бұл «саяси қауіп» жойқын қару еді. Бірақ ондай қарудың өз шарттары болатын: ол бойынша СИРИЗА өз бағдарламасына берік болып, пайдадан бұрын адамды қойып, өз басымдығын сақтап қалуы керек еді.

Дегенмен, 2014 жылғы жеңімпаз Еуропалық парламент сайлауында СИРИЗА «даму мен тұрақтандыру» алғышарты ретінде реформистік неолибералды жолға түскенде-ақ бұл стратегия далада қалған еді. Бұл өзгерістің тамыры СИРИЗА басқарушы партия болғаннан кейін беттескен жаңа тәуекелдерімен қатар, Грекияның пост-сталиндік солшыл саяси дәстүрімен де байланысты. Оның патриоттық реформизмі говерментализм, яғни солшыл үкіметтің қалыптасуы саяси өзгерістің дұрыс әрі жеткілікті шарты деген оймен және әлеуметтік эволюцияны өндірістік күштердің дамуының нәтижесі деп қарастыратын экономизм, яғни өндірістік қатынастар трансформациясын шарасыз нәтиже деп сенетін пікірмен сипатталды.

Жаңа Меморандумдарға қол қоя отырып, СИРИЗА шын мәнісінде жұмысшылардың алдыңғы жеңістерін қамтамасыз еткен грек саяси сахнасындағы және еңбек нарығындағы институттық «бірбеткейлік» негізді жоюға келісті. СИРИЗА грек саяси сахнасында әлі де басымдыққа ие, бірақ бүгінгі партия радикалды солшылдар қозғалысынан көрі негізгі әлеуметтік демократиялық партия ретінде жақсырақ қабылданады. ■

Хаттарды Джон Милосқа <john.milios@gmail.com> жолдауға болады.

> Грек қаржы дағдарысынан ұтқандар мен ұтылғандар

Спайрос Сакелларопулос, Пантеон университеті, Грекия



Грек дағдарысының алғашқы кезеңінен басталған кедейлік пен табыс теңсіздігінің өсуін көрсететін сурет.

2010 жылдың басында, Премьер-министр Джордж Папандреоу Грек мемлекеттік қаржысы кейпінің нашарлығы соншалықты, әлемдік нарықтан қарыз алу үміті үзілгендігін және сол себепті мемлекеттік қарыздарын одан әрі өтей алмайтындығын қорытындылады.

Саналуан көзқарастарға қарамастан, Грекияның мәселелері жоғары жұмысшылардың жоғары жалақылары және қаржыны дәйексіз жұмсау нәтижесі болған жоқ: Гректердің жалақылары ЕО15 (2004 жылғы кеңеюге дейінгі ЕО бұрынғы мүшелері) елдеріндегі орташа жалақының 83% ғана құрайды, ал ұлттық ЖІӨ жан басына шаққандағы қоғамдық шығындар блок үшін орташа. Керісінше,

грек қаржы дағдарысы – билеуші таптың стратегиясы мен оның халықаралық еңбек бөлінісіне интеграциясының, әсіресе Грекияның 1981 жылы Еуропалық экономикалық қауымдастығына және 2002 жылы Еуропа валюта одағына кіруі нәтижесі. Грек капитализмінің бір валюталық бәсекелестікке икемсіз болуы нәтижесінде ЖІӨ қарыздары көбейіп, ЖІӨ құлдырады.

Грек құнды қағаздарының басым бөлігін басқаратын француз және неміс банкерінің қарыздарын қайткенде де өтеу үмітімен және грек мәселесін Еуропа экономикасының өзегіне дейін жеткізуі ықтимал банкроттықты болдырмау үшін 2010 жылы Еуропалық одақ, Еуропалық орталық банк, Халықаралық валюта қорынан Грекияға қарыз беру ұйғарылды.

2010-2016 жылдар аралығында экономикалық кооперацияның үш меморандумы жүзеге асты, әлеуметтік шаралардың сегіз пакетінен тұратын орта мерзімді бағдарлама қоғамдық сектор қызметкерлерінің жалақысын қысқарту, қарттар зейнетақысын қысқарту, жалақы минимумын төмендету (негізгі грек жұмысшылары үшін 751 еуродан 586 еуроға дейін және 25 толмаған жастар үшін 490 дейін), ҚҚС 19% көрсеткіштен 24% ұлғайту, жылжымайтын мүлікке салықты көбейту, жаңа икемді жұмыс түрлері, қоғамдық саладағы жұмыс орындарын қысқарту, салықтың регрессиялық өсімі және т.б. шараларын қамтыды.

Бұл саясат қаншалықты тиімді болды? Біріншіден, барлық осы шараларды қабылдаудың негізгі

себебі болған мемлекеттік қарыз салыстырмалы түрде де абсолютті мағынада да қысқарған жоқ. 2009 жылдың аяғында 300 миллиард еуро болған грек қарызы 2015 жылдың аяғында 314,4 миллиард еуроға жетті; шындығында осы аралықта грек экономикасы құлдырағандықтан, ұлттық қарыз ЖІӨ шаққанда 126,7% көрсеткіштен 179% өсті. Жұмыссыздық деңгейі 2009 жылы 9%, 2016 жылдың мамырында 23,5% өсіп жатқанда, ЖІӨ 2009 жылғы 237 миллиард еуродан 2015 жылы 179 миллиард еуроға азайды.

Бұл статистикалық мәліметтер қабылданған іс-шаралардың сәтсіздігін көрсетті. Дегенмен, бажайлап қарағанда, бұл саясаттан ұтқандар мен ұтылғандар байқалады. Ұтылғандар жағында – жұмысшы тап (айлыққа жұмыс істейтіндер және шағын және орта көлемді шаруашылық иелері). Бүгінде жұмыссыздардың тек 15% жұмыссыздық төлемдерін алады; дағдарысқа дейін Грек жұмыссыздарының 40% жұмыссыздық бойынша төлем ақыларын талап етуге құқылы болды. Өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтындар саны 11% көрсеткіштен 20% өсті; және қазіргі таңда 1 миллионнан астам грек ешкім жұмыс істемейтін немесе мүшелері жылына үш ай жұмыс істейтін үй шаруашылықтарында тұрады. Зейнеткерлердің 50% ай сайын 500 еуродан кем зейнетақы алады. 2009 жылдан 2015 жылға дейін ұлттық кедейлік 27,6% көрсеткіші 35,7% өсті.

Тіпті жұмысын сақтап қалғандар табыстарынан жұрдай болды. ЖІӨ-нің жалақы бөлінісінің 64% көрсеткіші 54% төмендеді және жалақы алушылар сатып алу қабілетінің үштен бір бөлігінен айырылды. Орташа сатып алу қабілеттілігі 84% ЕО15-тің орташасы 65% түсті. 2008-2015 жылдар аралығында 427000 грек елден қоныс аударды. 2008 жылы Грекиядағы белсенді 849289

кәсіпкерліктердің, 2014 жылға қарай тек 692286 ғана өз белсенділіктерін сақтап қалды. Теңсіздік көрсеткіші ұлғайды: 20% ең бай және 20% ең кедейлер табыстарының қатынасы 5,6/1 көрсеткіші 6,6/1 өзгерді.

Өмір сүру стандартының нашарлағаны грек демографиялық мәліметтерінен айқын көрінеді. Денсаулыққа жұмсалған шығындар 25% қысқарды. 2011-2014 жылдар аралығында туу саны өлім санына қарағанда аз болды. Бала өлімі 51 % өсті.

Ал ұтқандар кім? Ең ірі жеңімпаздарға дағдарысқа түрткі болған және Грекияның ауқымды қарыздарын қадағалаған шетел банктерін жатқызуға болады. 2010 жылдың маусым айында шетел банктеріндегі мемлекеттік және жеке қарыздар көлемі \$252,1 миллиард құрады, Франция (\$83,1 миллиард), Германия (\$65,4 миллиард), Құрама Штаттары (\$36,2 миллиард) банктеріне қарыздар барлық қарыздың 75,1% құрады. 2010 жылдың желтоқсан айында, шетел банктерінен алынған жалпы қарыздың қосындысы 42% азайды, яғни \$145,7 миллиардқа қысқартылды (\$56,7 миллиард Франция, \$34 миллиард Германия, \$7,3 миллиард Америка банктеріне). Бірінші меморандум кезінде, банктердің грек қарызының үлкен көлемін сатуға мүмкіндігі болды – 2011 жылдың желтоқсан айында шетел банктері грек қарызын \$35 миллиардқа қысқартты. 2012 жылдың сайлау қарсаңында, шетел банктері грек қарыздарын мердігерліктен толықтай босатты.

Грекия жеңімпаздары ішінде: 2010 жылы, елдің ең пайдалы компаниялары €2,2 миллиардқа пайдаларын асырды; 2014 жылға дейін бұл көрсеткіш €10,2 миллиардқа өсті. Ең үлкен сатылымға ие отызға жуық компания (қаржылық бөлігін санамағанда) 2009-2014 жылдар аралығында айналымдар 53,6% көрсеткіші 59,8% өсті, және

активтерінің 42,2% көрсеткіші 44,0% өзгерді.

Соңғысы, бірақ ең азы емес: 2011 жылы Грекиядағы 445 адам €30 миллионнан астам байлыққа ие болды, барлық саны €50 миллиард болады, бұл ЖІӨ-нің 24%. 2014 жылы, артықшылықты топтардың әлауқаты бәсең бірақ қалыпты қарқында өсті: 565 адам €70 миллиард немесе сол жылға ЖІӨ-нің 39,5% болатын жеке байлыққа ие болды. 2014 жылы элиталық топ құрамына 11 грек миллиардер кірді, 2013 жылы тоғыздан астамы €16 миллиард көлеміндегі активтерге иеленді.

Мұндай өзгерістер елдің әлеуметтік жіктелуіне ықпал етпей қоймады. Соңғы зерттеулерге қарағанда бүгінгі таңда грек буржуазиясының үлесі ЖІӨ-нің 2,8% құрады (2009 жылғы 3,2% көрсеткіштен төмен); ауыл шаруашылығындағы бай топтар 0,6% (2009 жылғы 0,7% көрсеткіштен төмен); дәстүрлі шағын буржуазия 7,0% (2009 жылғы 7,3% көрсеткіштен төмен); жаңа шағын буржуазия 21,9% (2009 жылғы 29,5% көрсеткіштен төмен); орта ауыл шаруашылығы 1,2% (2009 жылғы 1,9% көрсеткіштен төмен); кедей ауыл шаруашылығы 7,3% (7,4% көрсеткіштен төмен); және де жұмысшы тап 59,2% (49,1% көрсеткіштен жоғары) құрайды.

Бұл саясаттың қандай себептері болмасын, нәтижесі қоғамда із қалдырғаны шындық. Халықаралық қаржылық институттар бақылауындағы ірі шетел банктері және олар тиесілі мемлекеттер өз мүдделерін жүзеге асырды. Кейбір секторлардың экономикалық сөйілуіне қарамастан, мемлекеттің экономикалық элитасы өз байлықтарын арттырды, пайданы жергілікті жұмыс табын эксплуатациялау арқылы өсірді және шағын бизнестерін орта бизнеске өзгерте алды. ■

Хаттарды Спайрос Сакелларопулосқа <sakellarpoulos@gmail.com> жолдауға болады.

> Грек дотациялары мемлекеттік-корпорациялық қылмыс

Стратос Георгулас, Эгей Университеті, Грекия



Құтқарудан кім ұтады?

Халықаралық академиялық қауымдастық соңғы кездері мемлекеттік-корпорациялық қылмысты саяси басқару және экономикалық өндіру мен тарату институттарының өзара іс-әрекеті арқылы құрылған заңсыз немесе әлеуметтік-зиянды іс-әрекеттер деп анықтауға ұмтылып жүр.

Саяси және зерттеу тұрғысынан термин «жемқорлық» ұғымына жақын, дегенмен олардың арасында екі негізгі айырмашылық бар. Біріншісі, бұл әрекеттерге қылмыстық мән беру, яғни адамдардың құқығын қорғап, әлеуметтік залалдың алдын алуға бағытталған; бұл әрекеттер қылмыстық әрекеттер деп жиі анықталып жүрген кісі өлтіру, өлтіру ниеті, ұрлық және т.б. салдарына қарағанда, әлдеқайда артық адам өлімі, дене жарақаты, меншік пен ақшадан айырылуға әсер етеді. Екіншісі, аталмыш қылмыстың тамыры кәдімгі саяси және әлеуметтік әрекеттермен тығыз байланысты: мемлекеттік ақшаны тікелей жеке келісімдерге ауыстыру немесе қызметтер көрсету мен арнайы саясатты жүргізуден көрінетін мемлекет пен ақшаның өзара тәуелділігі – біздің капиталистік қоғамның негізі.

Сонымен қатар, бұл мемлекеттік-корпорациялық қылмыс күрделірек өлшемді жиі қамтиды. Сондықтан, Халықаралық

валюта қоры және Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық институттар бүтіндей бір халыққа шынайы әлеуметтік залал келтіргенде «жаһандану қылмыстары» қызықты өлшемді байқатады. Жоғарыдан төмен жүзеге асатын саясаттар мен экономикалық бағдарламалар қуатты мемлекеттер мен көпұлтты компаниялар мүдделерімен байланысты. Негізінен олардың «дамушы елдердердегі» адам өміріне ықпалы зор. Мысалы, «Борышты өтеу» сияқты бағдарламалар саяси тұрақсыздыққа жеткізгенде, басқарудың патерналистік немесе клиенттік жүйелері ұйымдасқан қылмыс, жемқорлық, авторитаризм, мемлекеттік репрессия, зорлау, тіпті геноцидке баруға дайын болады.

Несие беруші халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік шарттар анықтайтын Саяси меморандумды жүзеге асыру үрдісінде өмір сүріп жатқан Грекияда бұзылған адам құқықтары мен кең тараған әлеуметтік залалды байқадық. «Дотациялық бағдарламалар» барысында орындалған шаралар Грекия ішкі, аумақтық және халықаралық заңнама аясында сыйлап, сақтап, дамытуға міндеттенген адам құқығын бұза отырып, өмір жағдайына тікелей әсер етті. Грек экономикасы мен қоғамына жүктелген түбегейлі қайта реттеу өмір сүрудің тез нашарлауына әкеліп соқты және әлеуметтік

>>

әділеттілік, қоғамдық келісім, демократия, немесе адам құқықтары сияқты ұғымдармен сыйыспайды. Қандай адам құқықтары бұзылды? Кейбір мысалдарды қарап көрейік.

Еңбек ету құқығы. Меморандум жүктеген еңбек нарығындағы реформалар Грекияда еңбек ету құқығына айтарлықтай нұқсан келтіріп, нәтижесінде елеулі институттық сәйкессіздікке әкеліп соқты. Ұзақ уақыттан бері дәстүрге айналған ұжымдық келісіммен қабылданатын шарттар мен еңбек арбитраждарды жойып, жеке жұмыспен қамту шарттарын еңбекпен қамтудың анықтаушы факторы ретінде қайта жандандырды. Жалақыны бірізді қысқарту мен салықты арттыру жаппай жұмыстан шығуға әкеліп соқты, еңбек стандарттарын бұлыңғыр етті, еңбек қауіпсіздігін төмендетті және әйелдер мен жас жұмыскерлерді өте икемді аз төленетін жұмыстарға баруға мәжбүрлеп, сенімсіздіктің терендеуін тудырды. Ең төменгі айлық мөлшері Грек кедейлік шегінен де төмендеді.

Денсаулық сақтау құқығы. 2010 Экономикалық реттеу бағдарламасы мемлекеттік денсаулық сақтау саласындағы шығындарды ЖІӨ-нің 6% дейін қысқартты; 2012 жылғы бағдарлама ауруханалар жұмысына кететін шығынды 8% қысқартты. Фармацевтикалық шығын 2010 жылы €4.37 миллиард болса, 2014 жылы €2 миллиардқа қысқарды, нәтижесінде ауруханалар мен дәріханалар ауқымды дефицитке тап болды.

Білім алу құқығы. Меморандумдағы арнайы шаралар оқытушыларды тартуды қысқартты, мобилдіктің еңбек схемалары арқылы оқытушылар трансферін мәжбүрледі, оқытушылар ақысын азайтты, мектептер біріктіріліп, жабылды, бір сыныптағы оқушылар саны артып, оқытушылардың сағат саны көбейді. Оқытушы бос орны туралы хабарламалар толтырылмаған күйінде қалды, 2008-2012 жылдар аралығында 1053 мектеп жабылды және біріктірілді. Бюджеттік қысқартудан көптеген мектептер жылусыз қалды.

Әлеуметтік қауіпсіздік құқығы. Меморандум міндеттегендей, шығындардың қысқартылуы әлеуметтік жәрдемақыларды қысқартты, оның ішінде зейнетақы, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы, отбасылық жәрдемақы түрлері де бар, 2010 жылдан бері зейнетақы 40% қысқарып, зейнеткерлердің 45% жағдайы кедейлік шегінен де төмендеді.

Үймен қамтамасыз ету құқығы. 2012 жылы Грекия 120000 үй шаруашылықтарының арендасына субсидиялар мен қарттарға тұрғын үй жәрдемақысын ұсынудың «маңдайалды шаралары» ретінде әлеуметтік тұрғын үйден бас тартты. Жаңа заңдар мен реттеулер сот шешімінсіз-ақ бірден көшіріп жіберуге мүмкіндік берді. 2014 жылы Грекияда 500,000 адам үйсіз қалды не қауіпсіз емес үйлерде тұрып жатты.

Өзін-өзі басқару құқығы. Мемлекеттік меншікті жаппай, әсіресе, «жеделдетілген» рәсімдер арқылы жекешелендіру халықтық егемендік, меншік және қоршаған ортаны қорғауға кепілдік беретін конституциялық құқық пен ережені бұзады.

Әділеттілікке құқық. Кредиторлар жүктеген шаралар Грекиядан өз құқықтық-әділеттік жүйесін реформалауды талап етеді. Сонымен қатар алымдар айтарлықтай өскен. Әсіресе, жалақылары мен зейнетақылары қысқаруымен

байланысты сотқа арыздану азаматтар үшін қаржылай қиын процеске айналды.

Еркін пікір білдіру құқығы. 2010 жылдан бері заңнамалық және әкімшілік шаралар пікір білдіру мен жиналыс еркіндігін қысқартты – еркін пікір білдіру құқығына жүйелі және тиімді түрде күмән келтірілді, жиын өткізу құқығы бұзылды. Билік Меморандум саясатына қарсы заңды қарсылықтарға қоғамдық жиындарға тыйым салу, бейбіт шерулерді жазалау, алдын-ала сот шешімінсіз тұтқындау, кішігірім топтарды тергеу, антифашистік наразылық білдірушілерді қинау (көп жағдайда Алтын таң прото-фашистік партия еріктілерімен сыбайластықта) сияқты кедергілер жасады.

Бүгінде, грек халқының 23,1% кедейлік шегінен төмен өмір сүреді; 2009-2012 жылдар аралығында кедейлік деңгейі екі есеге өсіп, қатаң үнемдеу саясатының салдары ретінде шамамен үштен бірі кедейленді; материалдық жетіспеушілік 2009 жылғы 11% 2014 жылы 21,5% деін өсті; 2013 жылы балалардың 34% кедейлік пен әлеуметтік нашар хал-ахуалға түсу мүмкіндігі артқан. Аталмыш шаралар теңсіздікті тудырды, жалпы халықтың 10% ең кедей бөлігі өз кірісінің 56,5% айырылды.

Сонымен қатар, грек қоғамы адам құқығының бұзылуы мен ауқымды әлеуметтік залалды басынан кешірді, заңнамалық агенттіктер жемқорлықтың одан әрі терендеуіне әсер ететін «артықшылықтар саясатын» жүргізді. Бұл заңнамалық бастама көп қырлы сипатта бола отырып, белгілі бір тұлға не топ үшін тергеуді жеңілдету не жауапкершіліктен алдын ала босату, әсіресе Сиенс, қарулану бағдарламалары және жекешелендіру сияқты келісімшарттар немесе мемлекеттік концессиялар түрінде не шектеу, сот шешімін тоқтату сияқты шараларды қамтитын жүзеге асып жатқан тергеу барысына репрессивті заңнамалық араласу арқылы қылмыстық иммунитет режиміне бастайды. Бір қызығы, несие берушілер Грекиядағы салық төлеуден тайсалынушыларды жазалауды міндеттей отырып, транс-шекаралық транзакциялардан 26% салықты жеңілдетуді сұрап отыр.

Мемлекеттік-корпорациялық қылмыстар жеке жасалған қылмыс немесе девиантты әрекеттен бөлек, себебі ол ерекше жағдай емес қалыпқа айналған, бұл – аномия басым дәуірдегі ұжымдық өкілдік пен ұжымдық сананың әлсіреуі. Осындай мемлекеттік-корпорациялық сыбайластық біздің заманның «уақыт рухын» білдіреді.

Біз тез арада шешімді қажет ететін мәселемен беттесіп отырмыз: XX ғасыр басындағы фашистік кезеңге ұқсас уақыттағы, ресми әлеуметтік бақылау, заманауи институттар және ғылыми дискурс басқарудың, өндірістің және азаматтық қоғамның басымдыққа ие құрылымдары тарапынан өзгеріске ұшыраған заманында жүгенсіз кеткен мемлекеттік-корпорациялық қылмысты жеңу үшін не істелуі керек?

Жақсырақ әлем туралы армандауды тоқтатпағанымыз абзал. Сондай-ақ, мемлекет пен бизнестің осындай симбиозы ұзақ уақыттан бері жалғасып келеді, бұл жағдай ешқашан мойындалған емес. Бұл динамикалық процес және ғалым және азамат ретінде біз мұны ерекше талдауымыз қажет. ■

Хаттарды Стратос Георголосқа <s.georgoulas@soc.aegean.gr> жолдауға болады.

> Аргентинада

МИЗОПРОСТОЛ дәуіріндегі жасанды түсікке қатысты белсенділік

Джулия МакРейнолдс-Перез, Висконсин-Ла Кросс университеті, АҚШ



Құдай-ананың мүсінінде, Толқындағы әйелдер «Сіздің шешіміңіз, Қауіпсіз жасанды түсік» деген өз үндеуін насихаттап, кеңес беретін жедел желінің телефон нөмерін ұсынып тұр.

Латын Америкасында жасанды түсік тастауға орай ауқымды пікірталас орын алуда, барлығына себеп – кішкентай ғана ақ дәрі. Аймақтағы мизопростолдың қол жетімділігі кландестейнді түсік тастау тәжірибесін айтарлықтай өзгертті. Құрамында феминистер мен денсаулық сақтау мамандары бірге әрекет етіп жүрген жаңа өзіне-өзі қолқабыс белсенділерінің стратегиясы жасанды түсік айналасындағы саяси пікірталасты өзгертті, себебі белсенділер жасанды түсікті заңдастыруға қарсы тұрақты оппозицияға қарамастан, оның анағұрлым қолжетімді және ашық болуын талап етуде.

Жасанды түсік тастау Латын Америкасы, яғни әлемдегі католик дінін ең қатты ұстанатын аймақта бұрыннан бері заңсыз болғанымен, оның қолдануы да бұрыннан бері кең тараған. Латын Америкасында бай әйелдер кландестейин жасанды түсікті тыныш қауіпсіз қымбат жеке меншік клиникаларда білікті мамандарға жасататын, ал кедей әйелдер өз өмірлерін шүберекке түйіп, «үй артындағы» ем-шараларды қолданатын.

Кландестейнді жасанды түсік жасатудың мұндай екі жақты жүйесі ем-шаралар мен оның заңсыздығы туралы саяси пікірталасты бұқарадан тасада ұстады, бірақ 1990 жылдардың басынан бері жасанды түсік тастау тәжірибелері мен оның төңірегіндегі саясат басқа сарынға ауысты. Мизопростол, яғни синтетикалық простагландинді АҚШ Тамақ және Дәрі-дәрмек әкімшілігі жараны емдеу мақсатында қолдану үшін бекіткеннен бері Латын Америкасының дәріханаларында сол мақсатта сатылып келді. Алайда, қуық жолының тарылуына ықпал ететін қасиеті мизопростолды кландестейнді жасанды түсік жасаудың күшті құралына айналдырды. Жасанды түсік заң жүзінде бекітілген елдерде мизопростол негізінен мифепристон сияқты басқа дәрілер кешенімен бірге жүктіліктің алғашқы үш айында түсік жасату үшін қабылданады. Маңыздысы, өзін ғана және медицина қызметкерінің бақылауынсыз ішсе де мизопростол көп жағдайда киім ілгіш пен тоқыма инелерін қолданылып жасалатын «үй артындағы» емшаралардан әлде қайда қауіпсіз екен.

2012-2015 жылдар аралығында мен Аргентинада жаңа

>>



Мизопростол – баланы түсіру үшін қолданылатын кең таралған дәрі.

фармацевтік технология жасанды түсік тәжірибелері мен оның төңірегіндегі саясатты қалай өзгерткендігін анықтау үшін этнографиялық зерттеу жүргіздім. Аргентинада, шын мәнісінде, бүкіл Латын Америкасында, мизопростолдың салыстырмалы түрдегі жеңіл қолжетімділігі белсенділердің жаңа инновациялық стратегияларына мүмкіндіктер туғызды. Көптеген белсенді топтар трансұлттық кампаниялар ықпалымен әрекет етті. 2001 жылы доктор Ребека Гомпертс халықаралық суда медициналық құралдармен жабдықталған «Толқындағы әйелдер» атты кемемен заң жүзінде жасанды түсік тыйым салынған елдердің жағалауларына жақындап, қауіпсіз жасанды түсік жасауға әйелдерді өз бортына шақырды. Бұл кампаниядан кейін ол «Желідегі әйелдер» бағдарламасын құрды, ол бойынша әлемнің түкпір-түкпірінен адамдар жасанды түсік тастау үшін қажетті толық медициналық құралдарға тапсырыс беруге мүмкіндік алды; аталмыш ұйым жасанды түсік тыйым салынған елдерде тұратын әйелдерге сырты жазылмаған қапшықтарды жеткізіп отырады. Гомпертс ұйымына бүкіл әлемнен қоңырау шалуға болады, яғни қажет болғанда әйелдер қоңырау шалып, мизопростолды пайдалану арқылы жасанды түсік жасау жолдары туралы толық нұсқаулық ала алады.

Доктор Гомпертстің трансұлттық ықпалы халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аударып жатқанда, жаңа мүмкіндіктерге жауап ретінде өсіп шыққан жергілікті белсенділер стратегиялары назардан тыс қалды. Латын Америкасында жас феминист белсенділер мизопростолды пайдалану арқылы жасанды түсік жасаудың қолжетімділігін арттыруда көш бастап келеді: кейбір топтар ақпаратпен көмектессе, басқалары жасанды түсік жасауға фармацевтік қызмет көрсетеді және кейбір медицина мамандары қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінің ішінде белсенді әрекет ете бастады.

Lesbianas y Feministas por la Descriminalización del Aborto (Жасанды түсік жасауды қылмыссыздандыруды қолдайтын лесбийлер мен феминистер немесе ЛФДА)

Аргентинаның ең ірі жасанды түсік белсенділерінің тобы ретінде соңғы жеті жылда пайда болды. Өз қызметін «Желідегі әйелдер» қолдауымен қауіпсіз жасанды түсік жасау бойынша қоңырау қабылдаудан бастаған ЛФДА Аргентинада әйелдерге қауіпсіз түсік жасау туралы дәйекті ақпарат берумен айналысады. 2013 жылдан бастап ЛФДА Буэнос Айресте белсенділер қауіпсіз жасанды түсік жасау жолдары туралы қарапайым тілде толық ақпарат беретін бетпе-бет кеңес беру клиникаларының жұмысы басталды. Клиенттер мизопростолды өздері жергілікті дәріханалардан немесе астыртын базардан алулары қажет.

ЛФДА өзге де белсенді топтар қызметіне ұқсас қызмет түрлерін көрсете отырып, өз жұмыстарын «ақпарат еркіндігі» ережелері және «залалды азайту» қоғамдық денсаулық сақтау аманаты тарапынан қорғалады деп суреттейді. Алғашқысы олар кез-келген басқа ақпарат көзінен ала алатынындай ақпаратпен ғана қамтиды дегенге негізделген; олар ешқандай дәрі сатпайды, бұл ұйымдар ешқандай медициналық ем-шара өткізбейді, тек қана ақпарат береді. «Залалды азайту» дегеніміз қоғамдық денсаулық сақтау бағдарламаларынан алынған.

Өзге белсенділер жұмыс аясын одан әрі кеңейтті. Шамамен 2014 жылдан бастап, жергілікті белсенді топтар қауымдастығы “Socorristas en Red” (Алғашқы онлайн жауап берушілер) атымен белгілі ұлттық қозғалыс құрды. Бұл желі тек ақпаратпен ғана қамтымайды, сонымен қатар өздері жиі асombraamiento деп атайтын жасанды түсік тастауға көмектесетін мизопростолмен не толық дәрілік (трансұлттық байланыстар арқылы) қамтамасыз етті, сондай-ақ үйде жасалынып жатқан түсікке телефон арқылы қолдау көрсету қызметін ұсынды. Кейбір топтар ақпаратпен қатар дәрі-дәрмекпен қамтамасыз еткенімен, көбісі төмен дәрежелі қызметін ұсынуын жалғастыра беруде. Либералды астана Буэнос Айресте белсенділер салыстырмалы түрде ашық әрекет етсе, анағұрлым консервативті провинцияларда белсенділер клиенттерінің

қудалануын байқау керек болды.

Әйтеуір, кейбір денсаулық сақтау мамандары өздері «түсікке дейінгі және одан кейінгі» деп атайтын қызметтерді жиі ұсынып, Аргентинаның қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін ішінен өзгерте бастады. ЛФДА белсенділері сияқты бұл қызметтер мизопростолды сатып алу және үйде түсік жасауға жауапкершілікті әйелдердің өздеріне қалдырып, мизопростолды пайдалану арқылы түсік жасау туралы толық ақпаратпен қамтыды. Клиникалардың басым көпшілігінде мұндай белсенді мамандар жергілікті денсаулық сақтау министрлігі немесе өз басшылары тарапынан қысым көруде. Кейбір клиникалар іс жүзінде әйел өміріне қауіп төнуіне байланысты жүктілікті тоқтату үшін «жүктілікті заңды себеппен тоқтату» ережесін пайдаланады. Алайда, осындай ашық жағдайлардан бөлек көзден таса жерде әйелдердің құпия ұстау туралы уәдесімен дәріханадан мизопростолды алуға рұқсат қағаз беріп, оны пайдалану жөнінде кеңестер береді.

Мұндай белсенділік түрімен айналысып жүрген дәрігерлер санын объективті өлшеу мүмкін емес, дегенмен олардың санының әлеуметтік-консервативті Католик дәстүрін ұстанатын мамандарға қарағанда мардымсыз екені анық. Бірақ бұл белсенділер тәжірибелерінің ықпалы зор екені белгілі, әсіресе белсенді топтар өз клиенттерінің демографиялық және денсаулық жағдайы туралы мәліметтер жинауының маңызы зор. Себебі олар заңсыз жасанды түсік тастау туралы мақала жариялауы оның ашықтығын қамтамасыз етеді. Онлайн жарияланымдар, денсаулық сақтау мамандарының конференцияларында жарық көрген мақалалар және Біріккен ұлттар ұйымының Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің кез келген түрін болдырмау конвенциясының (СЕДАУ) көлеңкелі жарияланымдарға арналған бөліміндегі басылымдар «феминистік эпидемиология» кезіндегіге қарағанда, жасанды түсік жасату мәселесін анағұрлым ашық етті.

Маңыздысы, Аргентинадағы медициналық жасанды түсік жасатуға қолжетімділік төңірегіндегі белсенділіктің елдің түсік жасатуға түбегейлі қарсы саясатынан жеңіліс тауып отырғаны. Шын мәнісінде, кең тараған жасанды түсік тастау тәжірибелерін қудалауға саясаткерлер аса құлықты емес, себебі күштеу әрекеттер, әсіресе шаш ал десең бас алатын полиция қызметтерінің әрекеттері қоғамдық пікір тарапынан әлжуаз жас әйелдерге деген сүйіспеншілік тудыруы мүмкін. Белсенділер жинаған мәлеметтерге сай, мың әйелдің онына жасанды түсік жасағанда өміріне қауіп

төнбес үшін айналасындағылар көмектескен. Сонымен қатар, ірі Аргентиналық феминистік қозғалыс жасанды түсік жасатуды заңдастыруды талап етуде.

Дегенмен, Аргентинадағы соңғы саяси өзгерістер феминистік белсенділер үшін жаңа белгісіздік жағдайын тудырды. 2015 жылдың соңында белсенділердің қауіпсіз рәсімдердің қолжетімділігін арттыруына аса қарсы болмаған Президент Кристина Фернандес де Киршнердің орталыққа бағытталған солшыл үкіметінің орнын оңшыл саяси партия басты.

Жақында, халықаралық адам құқығын қорғаушы топтар Аргентинаның жергілікті ауруханаларынан түсік тастатуға көмек іздегені үшін жас әйелді адам өлтіру бабы бойынша жазалау туралы шешімін сынады. Мизопростол кең қолданғандықтан және оны қабылдағаннан кейін пайдаланғанын дәлелдеу мүмкін болмағандықтан, консервативті дәрігерлер кез келген түсік тастаған әйелді сол дәріні пайдаланды деп күдіктенуге бейім болды. Оған мысал, қылмысын ешқанадай дәйек дәлелдемеген Беленді (БАҚ-тағы лақап аты), шын мәнінде, өзгеге сабақ болсын деген мақсатта сегіз жылға абақтыға жабу туралы қатал шешім болды. 2016 жылдың басында өз сотын күтіп түрмеде отырғанына екі жыл толды. Абақтыда ұзақ жылға отырғызу шешімі қабылданғаннан кейін жасанды түсік және феминистік қозғалыстар Беленді босатуды талап етіп, Аргентинаның түкпір-түкпірінде шерулер ұйымдастырды. Белең алған қысымның әсерінен 2016 жылғы тамызда Такман провинциялық Жоғарғы соты Беленді бостандыққа шығару туралы шешім қабылдады.

Аргентинаның үлкен саясатындағы өзгерістер жасанды түсік жасату белсенділігіне қарсы жасанды түсік белсенділерін ыдыратып, Белен сияқтыларды көптеп қамайтын ауқымды күрес жүргізуге ықпал ете ме? Жаңа оңшыл канат біраз алаңдаушылықты тудырғанымен, белсенділер бір қадам да артқа жылжымайтындығын білдіріп отыр: соңғы жиырма жылда олардың ықпалы Латын Америкасының жасанды түсік төңірегіндегі саяси динамиканы өзгерткені айқын және белсенділер бұл өзгерістерді жаңа саясаткерлер орнына қайтып келтіре алмайды деген үмітте. ■

Хаттарды Джулия МакРейнолдс-Перезге
<julia.mcreynolds@gmail.com> жолдауға болады.

> Мексикада жасанды түсік жасату құқығын реверсиялау

Сюзана Лернер, Мехико Колледжі, Мехико, **Люсиа Мелгар**, Мехико Автономды техникалық институты, Мехико және **Агнес Гийом**, даму зерттеу институты, Франция



Жасанды түсікті заңдастыруды талап етуші мексикалық қозғалыс.

2007 жылы Мехико федералдық округі (жақында Мехико-сити федералдық округі деп өзгертілді) алғашқы он екі аптада жасалған жасанды түсікті заңдастырды, бұл – 1990-жылдардан бері әйелдердің таңдау құқығы үшін күрестің жеңісі. Алайда Мексиканың басым бөлігінде жасанды түсікке қатысты шектеулер қатаң бола түсті.

2008 жылдан «ұрықтанғаннан бастап өмірді қорғауға» тырысатын жаңа заң шығарушы және конституциялық реформалар Мексиканың он сегіз штатында, соңғысы 2016 жылғы шілдеден бастап Веракрузада қабылданды. Осы реформалардың мақсаты не және салдары қандай?

Мехикодағы жасанды түсіктер туралы пікірталастарға тартылған негізгі акторлар мен сараптамалар көпшілікке танымал саясат тұрғысынан түсінікті болуы тиіс. 1970-жылдардан бастап мексикалық үкімет отбасын жоспарлау және фертильдік деңгейін төмендету

мақсатында әйелдерге бала санын бақылау мен отбасы денсаулығын, өмірді және игіліктерді арттыру үшін басқа тәжірибелік мәні саналуан әдістерді ұсынған бағдарламаларды жүзеге асыруды қолға алды. Халық саны өсімінің біршама баяулағанына қарамастан, кең ауқымды әлеуметтік-экономикалық саясаттың жүргізілмеуі салдарынан осы шараларды қолдау үшін жұмсалған күш тұрғындардың материалдық жағдайын жақсарту қоймады.

1990-жылдары Мексика үкіметі 1994 жылғы Халық және Даму бойынша шаралар бағдарламасы Халықаралық конференциясын қайта бекіткенде ұлттық саясат «репродукциялық денсаулыққа қарай назар» аударды. Каирде қол қойылған бұл келісім жыныстық және репродукциялық құқықтардың артықшылықтарын орната отырып, қалыпты емес жағдайдағы жасанды түсік қоғамдық денсаулық сақтаудың маңызды мәселесі деп мойындайды, келісімге қол қойған елдерді әйелдерге қауіпсіз

жасанды түсік жасауға рұқсат беруге үндейді – соның ішінде құқықтық кедергілер мен жасанды түсікке қарсы заң да бар.

Соңғы жиырма жылда феминистер мен ғалымдар жасанды түсікті заңдастыру үшін Мехико федералдық округіне қысым көрсетті, соның нәтижесінде Мехико біртіндеп сатылы реформалар жүргізе бастады. 2007 жылы федералдық округтің жергілікті заң шығарушы органы жүктіліктің алғашқы он екі аптасында (дегенмен, кейбір нақты жағдаяттарды қоспағанда, жүктіліктің неғұрлым кеш триместрінде жасанды түсік заңсыз болып есептелуі сақталып қалды) жасанды түсік тастауға рұқсат беруді жақтап, дауыс берді.

Жүктілікті «эндометрияда эмбрион имплантациясынан» бастау алатын, адамды ұдайы өндіру процесінің бөлігі» ретінде анықтай отырып, федералдық округтегі реформа адам өмірі қашан басталатыны туралы қандай да болмасын пікірталастан қашқақтайтынын атап өткен маңызды.

>>

2007 жылғы заңға сәйкес дәрігерлер «ұятқа» жүгініп жасанды түсік жасаудан бас тартуына болады, бірақ заң бойынша дәрігерлік мекемелер өз науқастарынан бас тартпайтын дәрігерлермен қамтамасыз етуі тиіс. Либералдық партиялар, соның ішінде билеуші партия PRI, заңды қолдаса, оңшыл PAN осы заңға қарсы дауыс берді.

Заң қалалық әкімшілікке бағынатын қоғамдық денсаулық сақтау қызметін тегін әрі қауіпсіз жасанды түсік жасауды ұсынуға міндеттеп отыр, заң барлық әйелдерге жүктілікті тоқтатудың жария түріне кепілдік береді. Заңнама жүкті әйелдерге не істеу керек екенін шешу еркіндігін берді: әйелдер жүктілікті тоқтатпауына болады және баласын асырауға бере алады немесе келісілген мәмілеге қол қойылғаннан кейін жүктілікті тоқтата алатынын атап өткен жөн. Сонымен қатар оларға тағы да жоспарланбаған жүктілікті болдырмау үшін (және осылайша тағы келесі жасанды түсік мүмкіндігін болдырмау), сақтану әдістеріне қолжетімділікке кепілдік берілген.

Осылайша, Мехико реформасы қауіпті жасанды түсікті қоғамдық денсаулық сақтау, әлеуметтік әділеттілік пен зомбылықтың мәселесі ретінде фреймдейді. Ол әйелдің өз тәні мен оның жыныстық және репродукциялық тәуелсіздігіне қатысты өзіндік шешім қабылдаудағы құқын мойындай отырып, бәрінен бұрын адамның құқығын қорғайды. Соңғы тоғыз жылда бұл реформа 160 000 астам, соның ішінде Мехикоға осы шара үшін келе алатын басқа мексикалық штаттардың әйелдерге қауіпсіз жасанды түсік жасатуға мүмкіндік берді.

Евангелшілер мен басқа христиандық конфессиялармен бірге католик иерархиясы бастаған консервативті күштердің жауабы көп күттірмеді. Әлем елдерінің басым бөлігіндегідей, консерваторлар қауіпті жасанды түсіктің нақтылығын мойындаудан бас тарту немесе осы жасанды түсіктердің денсаулыққа немесе әйелдердің отбасылық

өміріне салдары – «өмірді қорғау» олар «тұлға» деп есептейтін эмбрионның мүмкін құқықтарына әйелдердің бостандығы мен өмірін бағындыруды талап етеді дегеннен таймайды. Сонымен бірге феминист топтар әйелдер құқығы үстемдігі мен денсаулықты сақтаудың жалпыға бірдей құқығын қорғайды және ана болу еркін әрі ерікті болуы тиіс дегенді шегелей отырып, Мексикадағы демократия үшін шіркеу мен мемлекеттің бөліну принципі негізгі болып қалуы міндетті екенін баса көрсетеді.

Мехикода жүктіліктің алғашқы триместрінде жасанды түсікке рұқсат берудің аясы кеңейген кезде Provida, Profamilia Мексикалық адвокаттардың католиктік қауымдастығы сияқты ұйымдар «өмір ұрықтанған сәттен басталады және сол сәттен құқығы бар адам ретінде өмір сүреді» дегенді айта бастады. Белсенділер жасанды түсікке қарсы бірнеше стратегияны қолдануға тырысты, соның ішінде тұрақты көше шерулері, әртүрлі қалаларда епископтарға үндеу, әйелдерге жасанды түсік жасатуға тікелей кедергі келтіру, лоббилік және соттасу. Сонымен қатар олар осы кезде заңдастырылған бір жынысты жұптарға қарсы және мемлекеттік мектептердегі отбасы және жыныстық тәрбие курстарына қарсылық білдірді. Олар «жыныстық және репродукциялық құқықтар» ұғымын және көптеген қоғамдық ұлттық және халықаралық құжаттардағы гендерлік көзқарастарға емеурін танытуды алып тастауда табысқа жетті.

2008 жылы консервативті топтар реформаларға қарсылық көрсетіп Жоғары сотқа барды. Жасанды түсікті заңдастыруды конституциялық деп сот мойындағанына қарамастан олардың шешімі үш қосымша нәтижеге негізделді. Біріншіден, сот әйелдің өз тәніне деген құқын орнатты, бұл құқық мемлекет әйелге өзінің тәні және жанының саулығына, өз өміріне қатысты шешімді өзі қабылдай алуын қорғайтынын білдіреді. Екіншіден, осыған қарамастан сот өмірге құқық Конституция мен халықаралық келісімдерде бекітілген басқа

құқықтардан абсолютті құқық та, «суперқұқық» та емес деген қаулы шығарды. Осылайша, құқықтар шиеленіске түскенде заң шығарушы орган барлық баламаларды таразылауы тиіс. Ақыр соңында, екінші нәтиже негізінде сот жергілікті заң шығарушы органдарға жергілікті қылмыстық кодекстерге өзгерістер енгізуге өкілеттілікті берді.

Жоғарғы Соттың шешімі аясында консервативті топтар «өмірді ұрықтанған кезден» немесе «ұрықтанудан» бастап қорғау және жасанды түсік жасатқан әйелдерді қылмыстық жауапқа тарту қажет дей отырып, мемлекеттік конституцияны немесе қылмыстық кодексті өзгертуге тырысып штаттардың заң шығарушы жиналыстарға сұраныс жасады.

2016 жылдың ортасына қарай католик шіркеуі мен барлық саяси партиялардың, соның ішінде кейбір солшылдардың, қолдауымен Мексиканың он сегіз штатында жасанды түсік жасатуға қарсылар өз мақсаттарына жетті. Осы жаңа заңдардың нәтижесінде қазіргі кезде кейбір мексикалық әйелдер «қиындататын жағдайда кісі өлтіру» (яғни, бала өлтіру) айыбымен 20 немесе 30 жылға бостандығынан айырылып, абактыда жазасын өтеуде.

Жеке бостандық құқы психикалық дерт сияқты кейбір әйелдерді күшпен психиатриялық емдеуге жіберді. Жазалаудың осындай жаңа түрлері мексикалық штаттардың басым бөлігі кейбір жағдайларда, мысалы зорлау (елдің барлық аумағында заң күші бар жалғыз себеп), жатырдағы баланың ауытқулары немесе әйелдің өмірі мен денсаулығына қауіп туған кезде заңды және қауіпсіз жасанды түсікке рұқсат беретін елдің құқықтық ережелерін орындаудан түбегейлі бас тартқан кезде көрініс табады.

2016 жылдың ортасына қарай екі қарама қарсы көзқарастың пікірталасы бұрынғыдай сақталып отыр. Консервативті топтар әйелдің өмірі мен бостандығын заңды тұлға деп танылған эмбрионның базбір құқықтарына бағындырып, «өмірді сақтау» үшін күресуде. Бұл топтар

қауіпті жасанды түсіктің ана өлімі мен ауруға алып келетінін және отбасына ықпал ететін салдарын ескермейді. Екінші жағынан либералдық топтар әйелдің ана болуды еркін таңдауы құқығының басымдығын, жалпыға ортақ денсаулыққа құқықты және Мексика конституциясының негізгі өзегі болып табылатын зайырлы мемлекетті сыйлау талабын жақтайды.

Әйелдер құқы үшін ұзақ күрес жалғасуда. Консервативті күштер жасанды түсікті заңсыз деп тануды мақсат етіп қойғанда феминистік және әйелдердің ҰЕҰ алдын алудың орнына көбіне тек селт етуші ғана болды. Бұл динамика өзгеруі тиіс. Біздің пікірімізше, азаматтық қоғам өз даусын тағы да көрсеткені абзал және ұлттық деңгейде жасанды түсік жасатуды либералдау мен

заңдастыруды талап етуі тиіс. ■

Хаттарды
Сюзана Лернер <slerner@colmex.mx>
Люсия Мельгар <lucia.melgar@gmail.com>
мен Агнес Гийомға <Agnes.Guillaume@ird.fr>
жолдауға болады.

> Жасанды түсік - зорлық:

Перудегі күрес

Эрика Бюссе, Тынық мұхит университеті, Перу, ХӘҚ көші-қон (ЗК31), әйел және қоғам (ЗК32), әлеуметтік қозғалыстар, ұжымдық әрекеттер мен әлеуметтік өзгерістер (ЗК48) және отбасын зерттеулер (ЗК06) бойынша зерттеу комитеттерінің мүшесі.



Лимадағы жасанды түсікті жақтаушы «Өмір үшін ұлы шеру», Перу 23 наурыз, 2013 жыл. Суретті түсірген: Паоло Агилар / EPA.

“Ni Una Menos” [«біріміз қалмай»] деген ойдағыдай күш алған мыңдаған перуліктер 2016 жылдың тамыз айының ортасында Лима көшелеріне шықты. Қарсылық көрсетушілердің арасында жақында сайланған Перу президенті, ұрып соғу мен жыныстық зорлыққа ұшыраған адамдар, әйелдер мен феминистік ұйымдардың мүшелері, саяси партиялардың филиалдары, министрлер мен Конгресс өкілдері

болды. Әйелдерге қатысты зорлықты айыптаған шеру Перудегі соңғы 40 жылдағы аса маңызды әлеуметтік ынтымактасудың көрінісі еді, әйелдер мен ерлер, қыздар мен ұлдар, ата аналар мен балалар, әжелер, аталар және олардың немерелері иық тіресе, бірге қадам басты.

Әйелді қонақ үйдің холлында бұрынғы наксүйерінің шашынан сүйреген бейнежазбасының көрсетілуі шерудің басталуына мұрындық болды. Дегенмен іс қозғалмады,

>>

себебі сот әйелдің жарақаты зорлау немесе өлтіру ниетінің нәтижесі емес деген қорытынды жасаған.

«Ni Una Menos» ұжымының «біреуді ұрғаны, біздің бәрімізді ұрғаны» деген ұраны перуліктерді әйелдерге қатысты зорлық пен күштеуге қарсы күресуге шақырды. Ұйымдастырушылардың өзі бұқараның жауабына таң қалды – дәл сол уақытта бүкіл Латын Америкасы қалаларында шеру өтті, барлық жерде әйелдерге қатысты зорлықты тию және әділеттілік жүйесіндегі бассыздықты жою талап етілді. Көптеген латынамерикалықтар үшін осы демонстрациялар үміт отын жақты: жағдай өзгерді және әйелдер мәселесі, әсіресе, әйелдерге қатысты зорлық қоғамдық сананың алдыңғы шебіне шықты.

Латын Америкасында феминистер талап етіп отырған репродукциялық құқықтар аясындағы жұмыстың сипатын негізінен әйелдерге қатысты зорлық зомбылық мәселесі мен агрессорлардың жазаланбауы мәселесі анықтайды. Жасанды түсікке байланысты пікірталастарды «әйелдерге (немесе кәмелетке толмағандарға) қатысты жыныстық зорлық» деген ұғым шеңберіне ығыстыра отырып және «зорлықпен ана болу» (немесе күшпен жасырын жасанды түсік жасату), феминистер репродукциялық құқықты жеке бастың таңдауы деп таныған бастапқы фреймдеуге қарсы – мемлекет тарапынан зомбылықты жыныстық зомбылықтың ең жоғары түрі ретінде назар аударуға қарай күш салып, қайта фреймдеу арқылы пікірталасты басқа жаққа бағыттады.

Әйелдерге қатысты зомбылық туралы фрейм жасанды түсік әйелдің бей берекет жыныстық байланыстарының нәтижесінен кейінгі «өзімшілдік» ниетінің қорытындысы, адамгершілік тұрғыдан ешқандай зомбылық емес деген көзқараспен күресіп келеді.

Науқанға қарсылар әйелдерге қатысты зомбылық жоқ немесе ол маңызды емес деп топшылауы мүмкін. Осы әлеуеті аса мықты фрейм құрбан ретінде әйелдердің орнын мойындамайды, қалыптасқан гендерлік стереотиптер мен

басымдықтарды күшейтеді. Соған қарамастан әйелдердің құқықтары тұрғысынан жасанды түсік жасатуға мүмкіндік алуды фреймдеуды жыныстық зорлықты жоюмен байланыстыру зорлау нәтижесінде жасанды түсік жасатуды қылмыстық сипаттан айыру бойынша шараларға қоғамдық қолдау көрсетуді кеңейткен сияқты.

Жасанды түсік жасатуды қылмыстық сипаттан айыруға күш салу орнына белсенділер перуліктерге әйелдер құқығы мен әйелдерге қатысты зомбылықты түсіндіру әдісін өзгерту ниетімен азаматтық қоғамға, яғни дәрігерлер сияқты кәсіби топтарға, діни топтардың мүшелеріне қолқа салады. Осылайша, назарды кең көлемде репродукциялық құқықтардан жыныстық зомбылыққа қарай бұру басқа топтарды, соның ішінде ЛГБТ белсенділерін, бұқаралық әйелдер ұйымдарын, католиктік топтарды, жастарды және атакты адамдарды қамтыған үлкен қозғалыстың негізі болды.

Зорлау болған жағдайда жасанды түсік жасатуды қылмыстық сипаттан айыруға күш «ат төбеліндей» феминистердің ғана емес, перу қоғамының кең қолдауына ие бола алғандай. Науқан төменнен-жоғары (әсіресе, қарапайым перуліктер арасында қолдау үшін қол жинау) және жоғарыдан төмен (танымал адамдар, суретшілер мен саясаткерлер, сондай-ақ қарапайым азаматтардың қатысуымен теледидардағы жарнама науқаны) әдістерін қатар пайдаланады. Alfombra Pое сияқты ұжымдармен бірге науқан барысында шерулер мен жәрмеңкелерде жақтастарды тартты. Мемлекеттік мекемелерге сенімнің мардымсыздығы тұрғысынан азаматтарды тарту науқанына басымдық беруі белсенділердің демократияның нақты жүзеге асуына күш салуын көрсетеді.

Күні бүгінге дейін осы жаңа фреймге заң шығарушылар тарапынан қарсы мықты жауап болмады. Перуде, мысалы, зорлау нәтижесінде жасанды түсік жасатуға рұқсат беру үшін конституцияны өзгерту мүмкін емес. Тура осылайша жасанды түсік

жасатуды қылмыстық сипаттан айыру туралы Конгресс заң жобасы қайтарылды. Соған қарағанда заң шығарушылардың басым бөлігі жүктілікке алып келетін зорлауға назар аударғаннан гөрі жарақат пен сыныққа душар болған зорлықтың құрбандарына жаны ашиды; кімнің құқы басымырақ болуы тиіс деген сұрақ адамгершілік мәселесіне айналып отыр.

Алайда, соңғы кезде қоғамдық дискурс пен саясатта базбір әлсіз қозғалыс бар. 1924 жылы Перу қылмыстық кодексі жүкті әйелдің өміріне қауіп туған жағдайлардағы терапевтық жасанды түсікті қылмыстық сипаттан айырды, бірақ осы жағдайларда медициналық қызметкерлерге жасанды түсікті жасауға рұқсат беретін хаттамаға қол қоймады – бұл күрделі жүктілікті үзуге шешім қабылдаған кез келген дәрігер түрмеге түсуі мүмкін дегенді білдіреді. 90 жыл бойы дәрігерлердің басым бөлігі ешбір жағдайда жасанды түсік жасамағаны түсінікті.

2014 жылы кең құлаш жайған, әсіресе католиктер мен евангелшілер тарапынан, сынға қарамастан Перуде хаттаманың қабылдануына байланысты дәрігерлер күрделі жүктілікті тоқтатуға мүмкіндік алды. Осы бағытты толық жүзеге асыру үшін кедергілер қалып отыр: кейбір дәрігерлер жасанды түсік жасай алмайды, әйелдердің ақпараты аз, ал жүкті әйелдің жағдайы қауіпті екеніне қарамастан хаттаманы қолдануға үрей мен ұят кедергілер бар.

Жаңа хаттаманың қабылдануы жасанды түсік жасату құқын әйел денсаулығының көрсеткіші ретінде фреймдеудің репродукциялық құқықтар мәселесі ретінде көрсетуден табыстырақ болғанын айқындайды. «Ni Una Menos» бұқаралық шеруі көрсеткендей, әйелдер мәселесі Перуде саяси пікірталастар деңгейіне көтерілген тәрізді, дегенмен бұл мысалы феминистік емдеу сияқты маңызды өзгерістерге жетелей ме, оны әлі де анықтау керек. ■

Хаттарды Эрика Бюссере
<e.busse@up.edu.pe> жолдауға болады.

> Араб әлеміндегі әлеуметтік ғылымдар

Мұхаммед А.Бамух, Питсбург университеті, АҚШ, International Sociology Reviews редакторы, ХӘҚ Оқшаулану теориясы және оны зерттеу(ЗК36), Өмірбаян және қоғам (ЗК38) зерттеу комитеттерінің мүшесі

“**Ж**аңа дәуірге жаңа білім” жақында жарияланған «Араб әлеміндегі әлеуметтік ғылымдар: өмір сүру қалыптары» баянамасындағы (<http://www.theacss.org/uploads/English-ASSR-2016.pdf>)¹ талпыныстардың қорытындысын шығарды. Баяндама зерттеушілер тобының қатуысуымен Әлеуметтік ғылымдар бойынша Араб кеңесі (ACSS) қолдауы нәтижесінде екі жыл бұрын дайындалған. Есепте қолданылған мәліметтердің денін жобамен айналысқан топтың өздері алғаш рет жинақтаған.

Баяндама араб университеттеріндегі, ғылыми-зерттеу орталықтарындағы, кәсіби қауымдастықтар мен әлеуметтік ғылымдардың көлемі мен сипаты туралы сандық және сапалық мәліметтерді, сондай-ақ қоғамдық әлеуметтік ғылымды кеңінен таралуын көрсету мақсатында ғылыми мерзімді басылымдарды қамтыған. Баяндамады әлеуметтік ғылымдарды азаматтық қоғам ұйымдары өз жұмысында қалай пайдаланатындығы, сонымен қатар араб әлемінің қоғамдық саласындағы, яғни араб басылымдары, телебағдарламалар, мәдени және мерзімді басылымдар, танымал журналдардағы әлеуметтік ғылымдар туралы ақпарат та бар.

Біз әлеуметтік ғылым мекемелерінің, әсіресе соңғы 20-30 жылда, араб әлемінің 22 елінде тұрақтануының экспоненциялық өсімін құжаттадық. Араб әлеміндегі қазіргі университеттердің жетпіс пайызы 1990 жылдардың басында ғана қызметін бастады; араб ғылыми басылымдары 1980 жылдардың басынан бері төрт есеге артса, осы уақыт ішінде зерттеу орталықтарының саны алты есеге өскен. Аса танымал емес білім салысындағы төңкеріс араб әлемінде соңғы екі-үш онжылдықта қалыптасты, соған қарамастан осы төңкерістің нақты мазмұны туралы әлі де аз білеміз.

Білім институттары өрісінің кеңеюі ұлттық байлыққа тәуелді емес екені қызық нәрсе; біз оны бай және кедей елдерден байқап отырмыз. Байлықтан да маңызды факторлар қатарына ғылыми зерттеулер еркіндігі; әлеуметтік ғылымдардан пайда табуға мүмкіндік беретін немесе табатын салыстырмалы түрде мықты азаматтық қоғам; елдегі салыстырмалы түрде қомақты білімді тап; елдегі оқиғаларға халықаралық деңгейде

қызығушылық; және жергілікті ахуал негізіндегі білімнің жаһандық қоғамдық ғылыммен тығыз байланыстылығын жатқызуға болады. Осы кезеңде азаматтық қоғамның дамуы әлеуметтік ғылымның дамуымен тұспа-тұс келеді, және екеуі 2010 жылдың соңынан басталып, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатырған араб көтерілісімен байланысты факторлардың ірі кластерінің бөлігі болып табылуы мүмкін.

Баяндамада араб университеттеріне қатысты құжаттарда әжептәуір сәйкессіздіктер көрсетілген. Әлеуметтік ғылымдар факультеттерінің ширегін алып отырған экономика араб университеттерінде әлеуметтік ғылымдардан озып тұр. Факультеттердің 2% антропология қамтыса, басқа қоғамдық ғылымдар осы екеуінің арасында орналасқан.

Соған қарамастан араб университеттерінің басым бөлігі оқытуға назар аударады, олай болса зерттеу жұмысы немесе қоғамдық қызметке қатысуға ниетті әлеуметтанушылардың уақыты да аз және ынтасы да төмен. Көп жағдайда осы соңғы рөл араб зерттеу орталықтарының пәндер бойынша емес тақырыптар бойынша ұйымдаса отырып, пәнаралық зерттеулерді, сонымен қатар азаматтық белсенділікті дамытуға мұрындық болуға итермелеуде.

Басым бөлігі салыстырмалы түрде жақында құрылған ғылыми-зерттеу орталықтары жемісті ғылыми өнімділікке қол жеткізді және араб әлеміндегі ғылыми мерзімді басылымдардың басым бөлігін құрап отыр. Ливан, Палестина және Иорданияда халық санына шаққанда ғылыми-зерттеу орталықтары өте көп, тіпті Джибути, Катар және Бахрейн сияқты бай елдердің алдында тұр.

Кувейт және Сауд Аравиясы сияқты бай елдерде зерттеулердің өнімділігі деңгейінің көңіл көншітпейтіні қызық жәйт. Бұл нәтиже, біздің ойымызша, жақында қабылданған халықаралық рангілеу индекстері араб білім сахнасына қарсы жұмыс жасап отыр – еуропа тілдерінде және белгілі бір басылымдарда жариялау мәртебесіне байланысты. Рейтингілік әдістер осы білімнің мазмұнына нақты қызығушылық, оның өзектілігіне, өндіріліп отырған қоғам үшін

>>>

“Араб әлеуметтанушыларының басты міндеті кең ауқымды әлеуметтік өзгеріс еді.”

пайдалылығына емес, базбір иерархияны фетиштеуге алып келеді.

Баяндаманың жартысы қоғамдық салалардағы әлеуметтік ғылымдарға арналған. Азаматтық қоғам ұйымдарын, басылымдарды, танымал журналдар мен теледидар бағдарламалары және мәдени мерзімді басылымдарды талдауы қоғамдық ғылымдардың қысқартылған нұсқада, әртүрлі жылдамдықта және саналуантүрде берілетінін анықтады. Баяндамада азаматтық қоғамның барлық мекемелері әлеуметтік ғылымдарды өз миссияларына сәйкес әдістермен жасағанымен араб әлеуметтік ғылымдарының жақын арадағы дамуы мен араб азаматтық қоғамы сұлбасының көріне бастауы арасында базбір байланыс бар деген қорытынды шығаруға болады. Қоғамдық өмірдің басқа салалары, соның ішінде мәдени мерзімді басылымдар әлеуметтік ғылымдар үшін ашық, басылымдар көлемінің 20% әлеуметтік ғылымдар бойынша мақалаларға берілген, дегенмен олар әлеуметтік ғылымдардың академиялық мәселелерін емес қауымдардың мәдени мүдделерін көтереді. Газеттер, журналдар, танымал телебағдарламалар әлеуметтік ғылымдарға мардымсыз орын немесе уақыт бөледі. Бірақ біз палестиналық Әл Құддыс немесе кувейттік Әл Араби танымал журналы сияқты мемлекеттік әлеуметтік ғылымның үлгілік қалыптары мысалынан көріп отырғандай, сан сападан маңызды емес.

Араб әлеуметтанушылары үшін, әсіресе соңғы бес жылда (2010, қаңтар – 2014, желтоқсан), басты нысан революциялық немесе реформистік сипатта болғанына қарамастан кешенді әлеуметтік өзгерістер болды. Біз жүргізген контент талдауы осы кезеңде араб әлеуметтік ғылымы өкілдері үшін зерттеудің алғы шебінде

«демократия», «құқықтар», «деспотизм», «қатысу», «азаматтық қоғам» және тағыбасқалар сияқты «араб көктемі» болғанын көрсетті.

Баяндамада әйелдер мәселесі барлық тақырыптарда аса көрініс таппағаны айтылады, отбасы мен балаларға қатысты «дәстүрлі» мәселелер аясында емес, жиірек құқықтар, азаматтық және қатысуды талқылаумен байланысты.

Әлеуметтік өзгерістердің «жастар», «білім» немесе тіпті «даму» сияқты нақтырақ бағыттары зерттеушілер тарапынан қызығушылық туғызбады. Айтып өтер қызық жәйт – кейбір күтілген тақырыптар атымен жоқ. Ең таңқаларлығы - «Мұсылман әлемі». Батыста осы ұғым маңызды аналитикалық категория деп танылса, араб әлеуметтанушылары оны толығымен жоққа шығарады, олар әлеуметтік ғылымдар аясында «ислам» мен діни саясаттың болашағын қарастырғанмен, «мұсылман әлемін» дәнекер аналитикалық категория ретінде мойындамайды.

Саясаткерлер зерттеулерді мойындамайтынын көпшілік сезсе де, баяндамада араб білімі сахнасының маңызды бөлігі ретінде араб қоғамдық ғылымдарының орнығу деңгейі өсті деген қорытынды жасалды. Болашақта жаһандық әлеуметтік ғылымға қосқан үлесін, сонымен қатар аймақтың келешегін бақылау мақсатында араб әлеуметтік ғылымдары туралы баяндама екі жылда бір рет дайындалатын болады. ■

Хаттарды Мұхаммед Бамухқа <mab205@pitt.edu> жолдауға болады.

¹ Редактордың ескертуі: Мұхаммед Бамух осы мақалада талқыланып отырған есептің авторы.

> Араб әлеміндегі әлеуметтік

ғылымдардың жаңа инфрақұрылымы

Сетени Шами, Әлеуметтік ғылымдар бойынша Араб кеңесінің бас директоры, Ливан



Әлеуметтік Ғылымдар бойынша Араб Кеңесі ұйымдастырған екінші конференция, наурыз, 2015 жыл.

Араб әлемі өзекті әлеуметтік-экономикалық, саяси және қауіпсіздік, экологиялық мәселелермен күресуде. Академиялық және зерттеу мүмкіндіктерінің әлсіз болуы аталмыш мәселелерді анықтап, әлеуметтік өзгерістерді талдау немесе қоғамдық пікірталасты ынталандыру арқылы мемлекеттік саясат шеңберінде ақпараттандыруда кедергі келтіріп отыр. БҰҰ адам

әлеуетін дамыту туралы бірнеше баяндамасында араб мемлекеттерінде білімге, неғұрлым белсенді өңірлік зерттеулерге деген қажеттіліктің бар екендігін мәлімдеді, әсіресе ауқымы кең, сапалы, кешенді, белсенді өңірлік зерттеулерге деген мұқтаждық белгілі болды.

Осыны түсіну соңғы он жылдықта аталған мәселелердің шешімін табуға бағытталған әр түрлі бастамаларды

>>

тудырды. Жаңа білім беру және зерттеу мекемелері ашылып, аспиранттық зертеулерді жүргізу үшін өңір студенттеріне бөлінетін қаржылық мүмкіндіктер пайда болды. Академиялық жетістіктері үшін бірқатар сыйақы түрлері тағайындалды, соған қарамастан кәсіби қауымдастықтардың саны баяу өсуде. Дегенмен, бағдарламалар мен әлеуметтік ғылымдарға қолдау көрсету мүмкіндіктері шектеулі күйінде қалып отыр, араб әлемі мемлекеттерінде мүмкіндіктер әлі де біркелкі емес.

Осы тұрғыда өңірдегі әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік ғылымдардың мәселелерін шешу жолдарын талқылау үшін 2006 жылы араб әлеуметтанушылар кездесіп, Әлеуметтік ғылымдар бойынша Араб кеңесін құру туралы шешім қабылдады. Ұйымды құру жоспары аяқталған сәтте өңірді 2010 жылдан «Араб көктемі» аталған саяси тұрақсыздық басталды. Атап айтқанда, бұл оқиғалар қоғамдық кеңістік пен пікірталастың пайда болып, өзгерістерді түсіндіруде жаңа мүмкіндіктер мен үміт отының жануына ықпал етті. Статус-квоға қатысты күмән айқындалып, әсіресе қоғам үшін жаңа көзқарастың дамуы – өткенді, бүгінгі күн мен болашақты талдауға мүмкіндіктер пайда болды. Әлеуметтік ғылымдардың маңыздылығы көшеде қалыптасты.

Нәтижесінде авторитаризмнің жаңарған бейнесі тұрақсыздық пен зорлықтың орбуіне, сонымен қатар өңірдегі бірқатар мемлекеттерде соғысқа алып келді. Алайда, қадағалау мен зорлықтан өзін қорғау үшін жерге ұшып түскен дән құлақтанды, оның тамырын бұрап, тапталса да бой ала бермек. Институттық ландшафт кеңеюде және қызықты зерттеу бастамалары белсенділердің зерттеушілік байланыстары саласында, қоғамдық зерттеу саласында, сонымен қатар әлеуметтік ғылымдар саласында жаңа білім беру мүмкіндіктерін жобалау (мысалы, онлайн курстар, ұжымдасып оқу немесе үкіметтік емес ұйымдар үшін «teach-ins» форматы) институттық серіктестіктің

қалыптасуына ықпал етті. Өңірдің болашағы үшін еркін зерттеу кеңістігін құру және қорғау, талқылау аса маңызды.

> ӘҒАК (Әлеуметтік ғылымдар бойынша Араб кеңесі)

Өңірдегі және әлемдегі қоғамдық ғылымдарға (кең мағынада) қолдау, ұйымдастыру мақсатында жұмыс істейтін коммерциялы емес ұйым – штаб-пәтері Ливанның астанасы Бейрутте орналасқан ӘҒАК. Оның Өзінің төрт жылдық жұмысын аяқтаған ӘҒАК бүгінде жеті тұрақты және толық емес жұмыс күнінде істейтін екі қызметкерден тұрады. Кеңес Палестинада толық емес жұмыс күнімен қамтылған бір аға кеңесші және толық емес жұмыс күнімен қамтылған әкімшілік және қаржы мәселелері бойынша мамандардан тұратын үйлестіру орталығын ашты. Дәл осындай орталықты Алжирде ашу жоспарлануда. ӘҒАК зерттеу гранттарын ұсынатын төрт бағдарламаны қаржыландырып отыр, екі жылда бір рет конференцияны және екі жылда бір рет ғылыми-зерттеу форумды (грант иегерлері үшін), жыл сайынғы дәрістер топтамасын және белсенді веб-сайтты, әлеуметтік медиа көмегімен насихат жұмыстарын жарнамалап отырады. Ол 130-дан астам стипендиантты қаржыландырды, 270 мүшесі бар, мобилдік гранттар бөледі, сонымен қатар өз мүшелеріне, жалпы грант иегерлері мен қоғамтанушыларға оқуға және желілік байланыстарды орнатуға мүмкіндік береді.

Араб өңіріндегі радикалды өзгерістерге қарамастан ӘҒАК-нің 2008 жылғы алғаш жиынында тұжырымдалған және бекітілген бірінші миссиясы өзекті және валидті болып қала бермек (<http://www.theacss.org/pages/mission>). ӘҒАК принциптері - өңірдегі ғылыми ойдың және әлеуметтік зерттеулердің сапасын, икемділігін, инклюзивтілігін, кешенділігін және тәуелсіздігін көтеру. Осылайша, ӘҒАК қызметі - қажеттіліктерді бағалауға және өңірдегі әлеуметтік ғылыми қауымдастықтарға қолдау көрсетуге, атап айтқанда, негізгі бағдар PhD

немесе постдокторантурадағы жас зерттеушілерге ерекше ықылас көрсетіледі.

Өңірдегі әлеуметтік ғылымдардың жағдайын талдауда ӘҒАК-нің Әлеуметтік ғылымдардың Араб Мониторы – маңызды жобалардың бірі. Доктор Мұхаммед Бамух «Араб өңіріндегі қоғамдық ғылымдар: өмір сүру қалыптары» атты алғашқы баяндамасында өңірдегі әлеуметтік ғылымдар факультеттерінің және ғылыми зерттеу орталықтарының айтарлықтай өскенін сипаттау арқылы жалпы аймақта пәндік ландшафт тұрғысынан және институттық сипатта талдайды (<http://www.theacss.org/uploads/English-ASSR-2016.pdf>), Әйткенмен, баяндамада сенімді және сыни ғылымды қалыптастыруға қажетті инфрақұрылымның, кәсіби қауымдастықтардың, журналдардың, докторлық және магистрлік бағдарламалардың жоқтығы атап көрсетіледі. Жағымды тұсы мақалада қоғамдық саладағы және әдеби туындылар, газет, танымал журналдар мен телеарналардағы әлеуметтік ғылымдар мен зерттеушілердің айтарлықтай рөлі туралы баяндалады.

> Араб әлеуметтік ғылымдары: маргинал немесе қалыптасуда?

Араб әлеміндегі әлеуметтік ғылымдарды ресми елеуіне соңғы бірнеше ондаған жылдар бойы ғылымға, медицинаға және техникаға дәстүрлі бағытталудан қаржыға, басқаруға, сонымен қатар жеке секторды диверсификациялауға ойысуымен қатар білім беру және филантроптық жоспарлауды басқару біраздан бері дамуы мен заманауилық туралы пікірді білдіреді. Әлеуметтік ғылымдардың жағдайы мен мәртебесі аймақтағы білім беру жүйесінің кемшіліктерін көрсетеді, дәлірек айтсақ, жоғары білім беру саласындағы сапаның орнын қабылдаудың санын арттыру басып тұр. Жеке жоғары оқу орындары санының өсуі білім беру саласындағы мекемелер арасында айтарлықтай келіспеушілікке, сонымен қатар әлеуметтік ғылымдардың маргиналдануына алып келді. Бүгін де мемлекеттік саясатта академиялық

>>>

дауыстың қарқыны бәсеңдеді, себебі саясаткерлер зерттеу жүргізген әлеуметтанушыларды саясатқасәйкес келмейтін мәселелерді қозғады деп айыптаса, әлеуметтанушылар саясаткерлер зерттеу нәтижелерін мойындамайтынына өкпе айтуда.

Білім беру саясаты, даму концепциясы және қоғамдық саладағы негізінен жауапсыз қалуы, шектеулер әлеуметтік аймақтың ғылыми қауымдастығының әлсіздігі туралы білдіреді, сонымен қатар тәуелсіз зияткерлік саласындағы үш негізгі қызметке қатыса алмайтындығын білдіреді: гегемондық және идеологиялық нақтылықтың баламалары негізделген нақты деректерді пайдалана алу қабілеті; қоғамдық талқылау мен саясатты дайындауға ықпал ету; сонымен қатар кәсіби мүдделерді қорғау және ұсыну қабілеті. Институттық әлсіздік салдарынан араб әлеуметтанушылары жаһандық және өңірлік білім желісіне толыққанды қатыса алмағанын атап көрсету керек. Араб әлеуметтік ғылымы қауымдастығы белсенді зерттеу

байланыстары мен маңызды халықаралық форумдарға қатысудан шеттетілген, бұл ұйымның жаһандық білім өндіру процесіне тиімді үлес қоса алмауына итермелеуде.

Негізгі қаланған сәттен бастап күрделі жағдайда жұмыс жасауға мәжбүр болған ӨҒАК үшін осы мәселелердің шешімін табу – басты мақсат. Ирак, Ливия, Сирия және Йемендегі қақтығыстардың шиеленісуімен қатар Мысырдағыдай ғалымдар мен сала белсенділерін қадағалау мен қорқытудың күшеюімен байланысты зерттеу алаңдарында қиын жағдай туғызды. Бұл ӨҒАК үшін әр түрлі мемлекеттерде шаралар өткізу белсенділігіне ықпал етті. Сонымен қатар, ӨҒАК грант иегерлері өз жобаларына өзгерістер енгізуге және жұмыс көлемін қысқартуына мәжбүр болды. Соңғысы, тәжірибе алмасу жаңа визалық шарттардың енгізілуі мен сапарға шығуға тыйым салуға байланысты күрделенді.

Бірақ, ӨҒАК бұл қиындықтарға қарамастан немесе соның әсерінен өңірлік зерттеушілерге кө-

мек көрсетуін және желілерді қалыптастырып, оларды бекіту мүмкіндіктерін ұсынуын тоқтатқан жоқ. Ұйым зерттеушілерінің ғылыми жобаларын толығымен аяқтауға деген ынтасы мен грант иегерлерінің тұрақты жұмыс істеуін қанағаттанушылық сезіммен ерекше атап өткіміз келеді. Арнайы бағдарламаларға қатысушылардың және үміткерлердің санының артуы ӨҒАК-не деген қызығушылықтың артқанын білдіреді. Бұл тұста Ливан академиялық бостандық пен өңірлік өзара байланыс орнатуға мүмкіндік жасап отыр. ӨҒАК өз қызметінде өзгерген жағдайлар мен инновацияларға бейім болғанына қарамастан мақсаты мен құндылықтарына берік. Біз өңірлік және жаһандық дамушы коллаборация мен желілерге қарай отырып, араб әлеуметтік ғылымын дамытуға дәнекер боламыз. ■

Хаттарды Сетени Шамиге <shami@theacss.org> жолдауға болады.

> Араб әлеуметтік ғылымдары - көктемге дейін және кейін

Ыдырыс Джераби, Бейруттағы Америкалық университеті, Ливан



Араб Көктемі әлеуметтік ғылымдарға қандай өзгерістер алып келді?

Араб әлеміндегі әлеуметтік ғылымдардың жағдайы туралы алғашқы баяндамасында әлеуметтану профессоры Мұхаммед Бамух қазіргі кездегі араб әлеуметтік ғылымдарының құпиясын анықтады: былай қарағанда өте қарқынды және күрделі әлеуметтік болмыс және әлсіз тарихи білім алаңы. Араб көктемінен кейінгі 5 жыл білім саласы өзгерістерді қалай игерді деп сұрау үшін жеткілікті. Баяндама араб қоғамдық ғылымдарының алдында тұрған міндеттерді қалай сипаттайды? Осының негізінде жас араб әлеуметтанушылары қоғамның қатысуына байланысты қандай сабақ алды?

> Араб әлеуметтік ғылымдарының сын- тегеуріндері

Араб әлеміндегі білім өндірісінің тиімсіз жағдайын ғалымдар, практиктер және студенттер құжаттады. Бамух өзінің баяндамасында ғаламдық интеграцияның болмауы немесе саяси тұрақсыздық сияқты дәстүрлі жалпылаудан бас тартып, алаңды қалыптастыратын ұйымдастыру жүйелеріне тоқталып өтеді. Оқшаулануды таңдау орнына, оның айтуынша, араб әлеуметтанушылары «жүйенің әлсіз күшінен» және «қалыптасқан мұрамен байланыстардың таттануынан» жапа шегуде. Жалпы араб әлеуметтанушыларының мақсаты - ғаламдық сахнада міндетті түрде көрінуді іздеу болмау керек, бірақ өз зерттеулері нысандарын түсіндірулері және саясатқа ықпал етулері тиіс; қазіргі кезде бұл пәннің оны қолдану мүмкіндіктері мен маңызына күмәнданатын қоғамнан және нарық күштерінен оқшаулануы айналасындағы мәселелер неғұрлым өзекті болып отыр.

Осы институттық фокус араб әлеміндегі әлеуметтік ғылымдардың нысанын универсализм мен ерекшелік арасындағы шиеленіс ұғымдарына орналастырады.

Бамух соңғы онжылдықтардағы негізгі мәтіндер мен өзекті бағыттарды бақылай отырып, белгілі бір дәстүр аясында осы пәндер батыс әлеуметтік ғылымдарымен өзараықпалдастық нәтижесі есебінен дамыды деп біріншісіне қарай ойысатын сияқты. Ол араб қоғамдық ғылымдарының «ерекшелігі» және осы ерекшеліктің зерттеу әдістеріне ықпалы туралы мәселені, әсіресе араб әлеуметтанушылары үшін күні бүгінге дейін теориялық жұмбақ болып қалып отырған мәселені (мысалы, Геллнер және оның тайпалар шекарасы мен Бурдьенің таптық орталықтық әлеуметтануын жақтаушылар арасындағы тұрақты шиеленістерге қарсылық) айналып өтеді. Осыған қарамастан аймақты әлеуметтік зерттеудің рәсімделуіне аталмыш таңдаулар бүгін таңда түрткі болуда: араб әлеуметтанушылары іс нәтижесін өз кезегінде тақырыптық немесе әдіснамалық тұрғыда болсын ғылыми-зерттеу бағытын қалыптастырып отырған шетелдік басылымдардың арқасында көруге тырысып бағуда.

Бамух бұл баяндамада «талдау бірлігі» туралы әдіснамалық мәселені көтереді: мүмкін бұл әлеуметтік құбылыстарды абстракцияда немесе жалпы алғанда араб әлемі үшін мәні бар шығар, содан соң осы тұжырымдарды ұлттық және жергілікті жағдайларға қарсы қоя отырып, неғұрлым толық және жалпыланған қорытынды жасауға бола ма? Осылайша, ол 1980- жылдардағы әлеуметтік ғылымдардағы «исламдануға» назар аударады, одан кейін отбасы мен қылмысты, көбіне ел үшін маңызды екеніне қарамастан әлеуметтік шиеленістерді немесе шетелдік жұмыс күшін зерттеуден гөрі зерттеудің басымдығына түсініктемелер бермес бұрын осы қисын ерекше тән Сауд Аравиясы туралы толық талқылауға көшеді. Тап осылай Бамух Мұқтар Әл-Гаррахтың журналдардың араб мәдени функциясын түсіну үшін кросс-ұлттық салыстырулар қолданған араб журналдарының мазмұны туралы зерттеулерін және сонымен қатар журналдардың мазмұнындағы теориялық зерттеулердің 68 % тұратынын

талдайды. Сонымен қатар ол бұл журналдардың кең ауқымды емес екенін, әртүрлі нәтижелердің қалыптасуын жеткілікті дәрежеде түсіндіре алмайтынын, белгілі бір саланы ғана қамтитынын көрсетеді. Осылайша, «тығыздықты зерттеу» (белгілі бір елдің халқына шаққандағы ғылыми зерттеу орталықтарының саны) ұғымы араб әлемін топтастыруда қолданылады, бірақ «оларды дамытудың жалпы атмосферасы» әртүрлі тұрғыда «әлеуметтік ғылымдарға қызығушылығын» айқындайтын фактор ретінде ұсынылады. Автор терең сипаттама тетіктердің, ынталандырудың және академиялық алаңдағы қысым көмегімен қалыптасатынын мойындайды, алайда, өте нәзік және нақты элементтер бүге шігесіне дейін талқыланбайды.

Автордың өзі мойындағандай, ағымдағы ахуал туралы «сұрау» баяндамасы болашақтағы, яғни 2010-15 жылдардан да ұзақ мерзімді қамтитын, әртүрлі қырынан сарапталатын және ғылыми өмірбаяндар ұсынылатын жарияланымдарға кіріспе ретінде дайындалды. Әзірге баяндамаға осы шектеулер зиян келтірді, ол алаңды сипаттау және оны қалыптастыратын күштерді анықтауды ғана жүзеге асырды.

> Әлеуметтік ғылымдар және араб әлеуметтік өзгерістері

Бамухтың әлеуметтік ғылымдардың институттануы туралы сауалнамасы баяндамаға қосылған ең мықты үлес, соның ішінде ол өзгеріп отырған қоғамды үйлестіру мәселесімен бетпе бет келіп отырған маман –практиктер үшін маңызды сұрақтарды көтерді.

Оның деректері араб университеттерін қоғамдық ғылымдар үшін «өз үйі» (жоғары оқу орындарының 48% әлеуметтік ғылымдар саласында бағдарламалар мен дәрежелер ұсынады) деп сипаттайды Экономика, әлеуметтану, психология, саясаттану және тарих ғылымдарының теңдей бөлінуі – құрамына елдердің басым бөлігінде 436 ғылыми-зерттеу орталықтары мен кәсіби қоғамдар, 217 ғылыми журнал кіретін кең жүйе арқылы қолдау табады. Оның деректері, сонымен қатар, бірінші қатарға қызықты тенденцияны шығарады: араб әлеуметтанушылары бірнеше тілді меңгерген және жаһандық деңгейде көбірек байланыста; Алжир және Египетте аймақтағы университеттер мен зерттеу орталықтарының басым бөлігі орналасқан.

Бұл деректер басқа шындыққа дәлел: араб әлеуметтанушылары білімді өндіру мен жинақтау императиві және ақпарат тарату, әлеуметтік өзгерістер үшін қатысу және сөйлеу арасындағы шиеленісті бастан кешіріп отыр. Бамух ҰЕҰ «жұмыс ғана жасап отырған жоқ олар өз мақсаттары үшін тұндырып алынған[...] қоғамдық ғылымдарды өндіріп отыр» деген қызықты анықтамалық құжатқа сүйене отырып, азаматтық қоғам сияқты «дәстүрлі емес акторлардың» өсіп отырған мәнін талқыға салады.

Тіпті араб контекстімен таныс тұлғалар да панарабтық институттарының, мәселен, танымалдылығы және

жетістіктері университеттерден де асып түсетін Бейрут араб ынтымақтастығын зерттеу орталығы немесе Доха ғылыми және саяси зерттеулердің араб орталығы (осы орайда Policy Studies саяси реформаларды жүргізу бойынша ұсыныстар мен тәжірибелік зерттеулерді меңзеп отырған сияқты) маңыздылығын түсінеді. Бұл институттық өзгерістер білім контентін өндіруге эволюциялық ықпал жайлы пікірталастардың өзектілігін дәлелдейді. Егер, автор айтқандай, осы орталықтар ғылыми зерттеулердің баламасын ұсына алмайтыны шындық болса, онда осы «конвенциялық емес» кеңістіктер мен акторлар «ресми» әлеуметтік ғылымдардың дағдарысын суреттей ала ма?

Бамухтың азаматтық қоғам және әлеуметтік ғылымдардың рөлі туралы түсіндірмелері, олардың практикалық мақсаттарына, құжатталған мәліметтерді жасауға, және тіпті эпистемологиялық талқылауға қосқан үлесін автор мойындап ғана қоймайды, сонымен бірге ол «квази-академиялық шеңбер» деп емес, «академиялық қоғамдастық» деп атауды дұрыс таңдау деп табатынын көрсетеді. Оның пікірінше, ғалымдар мен интеллектуалдар дегеніміз – қатаң аналитикалық әдіснамаға, озық тұжырымдарға қол жеткізуге әрі ғылыми шынайылыққа жетуге ұмтылып, өз міндеттерін орындағандар, және (ғалымдар), күнделікті күрес пен белгілі ұғымдарды қайта білдіретін саяси ұстанымдарды жәй қайта өндіруге көңіл бөлмей, «белгілі қашықтықтан» (әрекет етеді), бізге белгісіз нәрсені ұсынғаннан басқа ештеңе бермейтіндер.

Сондай-ақ, өзінің журналдар мен газеттерді зерттеуі барысында әлеуметтік ғылым деген белгісі бар элементтерді анықтау бойынша оның критерийлері «күрделілік» немесе «үйретілген контент» ретінде түсіндіретін «терендікті» құрайды; осы мысалды негізге ала отыра, Бамух өзінің әдіснамалық таңдауын ақтайды және оның баяндау мәнері саяси бағыттағы емес, академиялық зерттеуге ұқсайды.

Бұл таңдауы революциялық эпистемологиялық трансформацияға авторлық көзқарасын, әсіресе араб көктемі мен араб әлемінде әлеуметтік ғылымдар саласына байланысты тарихи өзгерістер туралы пікірталас аясында, байқауға болады. Автордың «революцияға» классикалық көзқарастан алшақтауын, әсіресе оның араб көктемінің

араб әлеуметтанушыларының жаңа ұрпағына, әлеуметтік белсенділіктері өзараықпалдастықтарын және өзгерістерге талпыныстарын қалыптастырған «араб көктемі ұрпағына» түбегейлі ықпалын жеткілікті қарастырмағанын айыптауымызға болады.

Сондай-ақ, Бамухтың қашықтағы, оқшауланған әрі бейтарап әлеуметтанушының мінсіз бейнесі бұрын таңдалған ұстаным. Араб көктемі эпистемологиялық революция ретінде шындыққа дистракциялық лас, қашықтықтан қарауды талап ететін орын ретінде көзқарастан арылып, негізделген органикалық байланысты жаңғыртып, ол зерттеуге өлшемді шабыт беріп, әлеуметтік ғылымдағы зерттеулерді қатаң әрі жиі дұрыс дәлелденбеген шеңбер аясында ұстау тәртібін орнатуға жол бермейді.

> Қорытынды

Мұхаммед Бамухтың көзқарасы менікінен бөлек. Бамух араб көктемінен бастап үлкен кеңістікті зерттеуді ұйғарады, бірақ оның есебі даму және түйткілдерді анықтап, оны шешу бойынша ұсыныс бермейді. Өзінің қорытындысында ол араб әлеуметтік ғылымдар өзін жергілікті жерде қорғалған деп жариялағанша оларды өзгертуге және олардың түрлі көріністерін пайдалануға кеңес береді. Бұл қорытынды мақсат едәуір циклдік сипатта дамиды және араб әлеуметтік ғылымдары қазіргі әлеуметтік дүмпулердің аясында өз мағынасын әлі іздеу үстінде.

Әлеуметтік ғылымдарда «болуға» көңіл бөлгенше, мүмкін, біз одан да «өзгермеуге», «тұрақтылыққа», «сабақтастыққа» немесе «күн көру құралдарына» байланысты динамикалық сұрақтарды қоюымыз керек шығар. «Араб көктемі ұрпағының» көзқарасымен айтқанда, институттық өлшемдер мен әдістердің ұстанымдарына қарағанда олардың сыни тоғысуы араб әлемінің елдерінде әлеуметтік ғылымдарды ерекшелейді. Сондықтан, араб әлеуметтік ғылымдары өз жолын іздегендіктен, біз көптеген адамдардың ниетін білдіріп, қатаң зерттеу бағдарламаларын жасақтаймыз. Мүмкін, бұл есеп бізді қалыптасқан ахуал талап еткен белсенді диалог жолына шығарар. ■

Хаттарды ыдырыс Джерабиге <idrissjebari@gmail.com> жолдауға болады.

> Джордж Ритцер Макдоналдану және Просьюмеризм жайында



Джордж Ритцер.

Жаһанданудың әйгілі теоретиктерінің бірі және Мэриленд штаты Университетінің құрметті әлеуметтану профессоры (АҚШ) Джордж Ритцермен сұқбатты Косоводағы Приштина Университетінің әлеуметтанудан магистранты Лабинот Кунушевчи жазып алған. Сұқбат тақырыбы – әлеуметтік теория. Сұқбаттан үзінді жариялап отырмыз.

ЛК: Профессор Ритцер, сіз «Макдоналдану» концептісінің авторы ретінде танымалсыз, оны мәдени империализм түрі немесе нарықтағы еркін бәсекенің қарапайым нәтижесі ретінде түсінесіз бе?

ДР: Тоқсаныншы жылдардан бастап жұмысымның басым бөлігі мәдени империализммен тікелей байланысты болды. «Қоғамның макдоналдануы» (алғаш рет 1993 жылы жарияланды) кітабы «макдоналдануды» өз принциптерімен (тиімділік, болжауға болады, калькуляция және бақылау, сонымен қатар осы рационалды жүйемен байланысты иррационалдықты), Америкадан әлемнің көптеген елдеріне шығарылған күш ретінде көрсетті. Әлем Макдональдс және басқа америкалық компаниялардың жаһандану қалпын қабылдады, дегенмен ең маңыздысы макдоналдану принциптері сансыз жергілікті кәсіпорындар мен көптеген басқа мекемелерде (мысалы, білім беру мен діни мекемелерде) өз орнын тапты.

«Американы сипаттау: несие карталардың жаһандық қоғамын сынау» (1995) атты кітабымда мен мәдени (және экономикалық) империализмнің басқа түрін сараптаймын: бүкіл әлемде американың өнімі болып табылатын несие карталарының таралуы. Несиелік карталар тұтынушылық мәдениет пен қарызға өмір сүру сияқты америкалық стилдің дамуына ықпал етті. Бұл құбылысты мен «Қамыққан әлемнің феериясы: тұтынудың революциялық құрал-жабдықтары» (1997) кітабымда неғұрлым терең қарастырдым.

Тұтыну құрал-жабдықтары идеясы Маркстің өндіріс құрал жабдықтары идеясымен жалғасып жатыр. Құрама Штаттардағы тұтынудың негізгі орны фаст-фуд мейрамханалар, сауда орталықтары, тақырыптық парктер (мысалы, Дисней Уорлд), Лас-Вегас ойынханалары, мега-кемелермен саяхаттау – осының барлығы әлемнің басқа бөліктеріне экспортталады және арманға айналған туристік бағытты дамытады. Тура осы үлкен өлшемдер және «сыйқырлы», тіпті діни қасиеттері мені оларды «тұтыну ғибадатханалары» деп атауға алып келді. «Тұтыну ғибадатханалары» жаһандануға ұшырай отырып, Құрама Штаттарға тән гипертұтынушы қоғам мәдениетін қалыптастырды. Мен үшін осы саладағы ең маңыздысы «Ештеңенің жаһандануы» кітабым. Орталықтанған ретінде ойластырылған, орталықтанған

>>

басқару және ерекше мазмұнға қолы жетпеген әлеуметтік түр ретінде «мен» «ештеңе» ұғымын айқындайды.

Әдеттегідей, Макдональдс және оның өнімі (мысалы, Үлкен Мак) осы «ештеңенің» керемет мысалы бола алады, дегенмен осы «ештеңе» әсіресе, тұтыну ғибадатханалары арқылы жаһандану сипатына ие бола бастауы күшейе түседі. Жаһандық болымсыздық «ештеңе» болып табылатын (жергілікті сипаттағы, бақыланатын, және бай мазмұнымен ерекшеленетін) жергілікті қалыптардың одан сайын маргиналдандуына жол береді. Осылайша, біз күннен күнге «ештеңемен» сипатталатын дамыған әлемге иеміз!

ЛК: Сіз жаһандық тұтыну идеяларыңызды университеттер аясына кеңейттіңіз: заманауи университет туралы не айтар едіңіз?

ДР: Бүгінгі күні мен университеттерді Макуниверситеттер деп жиі атаймын. Университеттер оқу процесін макдоналдандырды, яғни бар ынтаны тиімділікке, болжауға, калькуляция мен бақылауға болатын жағына аударып отыр. Бұл бұқаралық білім беру жүйелерін жасауға мүмкіндік берді, бірақ осы жүйелер рационалдығының иррационалдығы білім беру жүйесі мен білім берудің сапасына кері ықпалын тигізуде.

Осы арқылы олар белгілі бір сападағы (сіз «Бик Мак» аласыз, алайда ол дәмді емес «Дәмді Мак» болады) тез тамақтану мейрамханасы эффектісін жасап отыр. Бұл университеттерді статус-кво жағдайына көшуге итермелейді. Менің ойымша, тура осы Макуниверситеттер білімді және оны таратуды одан монополиялай түседі. Менің соңғы жұмысым просьюмеризм идеясына негізделген, бұл – «өндіріс» және «тұтыну» концептілерінің үйлесімі.

Студенттер барлық кезде білімнің «просьюмерлері» - олар әрқайсысы үшін қайталанбас әдістер арқылы білімді тұтынады. Студенттер аталмыш жүйелер ұсынғанды белсенді емес тұтынушы ғана емес, өз бойларындағы өзгеріс пен өздері ұсынатын білімді белсенді өндірушілер.

ЛК: Сіз көп кітап жаздыңыз, жаңа әрі қызықты жобаларды ойластырып жүрген боларсыз деген ойдамын

– қысқаша айтып бере аласыз ба?

ДР: Соңғы он жылдағы кітаптарымның басым бөлігі просьюмеризм туралы. Біз барлық кезде просьюмер болғанбыз – қарапайым өндірушілер немесе тұтынушылар емес (бас тартуға тиіс заманауи бинарлықтың түрі). Айтпақшы, просьюмерлер үшін тілдік стандарт Интернет, өйткені блогтарда, Фейсбукта және т.б. біз «тұтынылатынды өндіреміз». Көп жағдайда «тұтыну ғибадатханалары» көмегімен «тұтынылатынды өндіреміз», «тұтынушы» бола отырып, шындығында біз сол жұмыс үшін бір кезде біреу екіншіге ақысын өтеп қойған «жұмысты» өндіреміз. Тез тамақтану мейрамханаларында, сауда орталықтарында, IKEA және т.б. біз «не істейтінімізді» ойлап көріңізші? Соңғы уақытта мен капиталистер штаттағы жалақы төленетін қызметкерлерден гөрі жалақы төленбейтін немесе аз төленетін қызметкерлерге ден қоя бастайтын «жартылай кәсіби капитализм» әлемінде тұрып жатырғанымызды дәлелдей бастадым.


Uber осының айқын мысалы бола алады: тұрақты такси жүргізушілері Uber-де жұмыс жасаушылар пайда болғаннан бері кәдімгідей жоғала бастады. Amazon.com-да кітапқа тапсырыс берген кезімізде біз тек кітапты (немесе басқа өнімді) ғана тұтынып қоймаймыз, сонымен бірге тегін өзіміздің тапсырыстарымызды өндіреміз. Нәтижесінде, кітап дүкендері, сондай-ақ сол жерде жұмыс жасағандар жоғалып кетеді. Сонымен жаңа капиталистер (Марк Цукерберг, Джефф Безос) еңбекақы төленетін жұмыскерлерді төленбейтін «кәсіби консьюмерлермен» ауыстыру арқылы пайда болып мульти-миллиардерлерге айналды. «Кәсіби консьюмерлер» жалақы төленбейтін жұмысты атқарып ғана қоймайды, олар тіпті ешқандай штатқа кірмейді, сондықтан денсаулықты қамтамасыз ету сияқты артықшылықтарды талап етпейді.

Жаңа технологиялар (мысалы, роботтар) бизнеске «кәсіби тұтынушыларға» (немесе олар «кәсіби тұтынушы машина» ретінде өзін өзі «кәсіби тұтына» бастайды) көбірек иек артуға мүмкіндік туғызады. ■

Хаттарды Джордж Ритцгерге <gritzer@umd.edu> және Лабинот Кунушевчиге <labinotkunashevci@gmail.com> жолдауға болады.

> Халықаралық әлеуметтанумен қырық жылдан астам бірге

Эдвард Тирикьян, Дьюк университеті, АҚШ, ХӘҚ Әлеуметтану тарихы (ЗК08), Әлеуметтанулық теория (ЗК16) және Дін әлеуметтануы (ЗК22) бойынша зерттеу комитеттерінің мүшесі.



1974 жылғы Торонтодағы, Канада, ХӘҚ конгресінің плакаты – бірінші конгреске Эдвард Тирикьян қатысты.

Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығымен ұзақ жылғы байланысым туралы кейбір естеліктеріммен бөлісуге шақыруды қуана қарсы алдым. Естеліктерім толық болмайтынын ескертемін; оқырмандар Дженнифер Платтың «[ХӘҚ қысқаша тарихы 1948-1997](#)» кітабынан көбірек мағлұмат алатыны даусыз.

Халықаралық алаңды әлеуметтанулық теорияға деген шексіз қызығушылығымның маңызды бөлігі деп танымын. Америка әлеуметтанулық қауымдастығының (АӘҚ) қызметкері ретінде мен халықаралық ынтымақтастық Комитетінде жұмыс істедім, оның соңғы жетекшісі Рубен Хилл ХӘҚ президенті (1970-74) болғанда жетекшілік еттім. Америкалық әлеуметтану Құрама Штаттардың аясынан шығады деген сенімде болған Рубен мені 1974 жылы ХӘҚ қосылуға шақырған. Алғаш рет мен ХӘҚ Рубен Торонтодағы ХӘҚ Сегізінші әлемдік конгресіне ресей әлеуметтанушыларын шақырғанда 1974 жылы қосылдым. ХӘҚ мәжілістерінен кейін делегаттар

Монреалда өткізілген АӘҚ-мен кездесуге шақырылды.

Біздің Халықаралық ынтымақтастық Комитеті екі ұйымда да шетелдік қонақтармен байланысты қамтамасыз етті. Әсіресе, ресей әлеуметтанушыларымен кездесу есімде; кездесу кезінде қырғиқабақ соғыс лебі жоғалып кетті, себебі достық қабылдаудың шынайылығы ортақ мүдделерге қызығушылықты арттырды. Екі ұйым үшін де Рубен Хилл мен АӘҚ президенті Блау өткізген конференциялар әлеуметтанулық дипломатияның нағыз жеңісі болды. Осыдан кейін мен ХӘҚ өмірлік мүшелігімді тіркеттім, бұл менің ең сәтті шешімдерінің бірі болды. Упсаладағы тоғызыншы конгрестегі пікірталастар қызу болғаны есімде, алайда Швеция өте қымбат және аса заманауи болғаны да есімде қалды. Упсала (Торонто немесе Стокгольммен салыстырғанда) конгрестен басқа алаңдатындай мегаполис емес, қарапайым университеттік қала болғандықтан шығар, әртүрлі елдерден келген ғалымдардың кездесулері көп болды, шынына келгенде, халықаралық кездесулердің негізгі

>>

мақсатының өзі де - осы. Упсаладан кейін Мехикода (1982) өткен ХӘҚ оныншы Конгресінде ХӘҚ үшінші ресми тілі испаншада сессиялар көбірек өтті. Ален Туреннің латынамерикалық студенттермен сәлемдесуге жалынды үндеуі есімде. Туреннің әртүрлі әлемдік конгрестерде, сонымен қатар Франциядағы даму бойынша семинарларындағы сияқты әлемдік әлеуметтанудың прогресшіл көшбасшысы болғанын айтқан орынды.

1982 жылғы ХӘҚ конгресі кезінде қаржылық күйзеліске ұшырадық. Мексиканың қаржы министрі елдің қарызын өтеуді қанағаттандыра алмайтынын мәлімдеді, бұл елде ірі қаржылық дағдарысты тереңдете түсті. ХӘҚ делегаттары мексика банкерінде долларды айырбастауда әбден шатасты; ал қаржылық коммуникациялардың бұзылғаны соншалық айырбас курстары түсінбестік тудырды. Бағамдар тез өзгеріп отырғанын былай қойғанда, бір банктің бөлімшелерінің өзінде Мексиканың орталық банкі бекіткен бағамды білмеуі жиі орын алды. ХӘҚ кейбір мүшелері несиелік карталарындағы қаржысын тексергенде стандартты қонақ үй бөлмелері орнына люкс бөлмелерге төлегенін анықтады, себебі песо құны төмендеп, доллар бағамы өсіп кеткен еді. Сондықтан олардың басым бөлігі алғашқы мүмкіндікті пайдаланып, Мексикадан ұшып кетті. Менің есімде қалғаны - күрделі дағдарыс кезінде өткен ХӘҚ жалғыз кездесу осы ғана. Мадридтегі Он екінші Конгресс, қатты ыстық пен кондиционерлердің болмағанын айтпағанда, керемет өтті. Билефельдтегі XIII бас қосуға (1994 ж.) Ричард Граттхоф 1991 жылы күлі көкке ұшқан репрессиялық кеңестік тәртіп кезінде әлеуметтануды сақтап қалған бірқатар поляк және Шығыс Еуропаның басқа да әлеуметтанушыларын шақырды.

Граттхофпен екеуімізге ортақ нәрсе көп, оның әлеуметтанулық теорияландыру орталығында сапалық және интерпретациялық әлеуметтанудың болуына байланысты «Халықаралық әлеуметтану» журналының редакциясына қызмет етуге шақырғанда ұсынысына қуанышпен жауап бердім. Осы кезде (1991-1996) ол редактор еді. Редактор Мартин Олброу тұсында (1984-1990) мен журнал кеңесінің мүшесі болғанмын және салыстырмалы, халықаралық әлеуметтану ретінде мәртебелі журналда автор болып та, рецензент болып та жұмыс жасаған маған ұнайтын.

ХӘҚ барлық мәжілістеріне қатысу мүмкін еместігіне қарамастан (жолақысына және зейнетке шығуыма, ХӘҚ бір уақытта жиі кездесулер ұйымдастырып қалатын АӘҚ алдындағы менің міндеттемелеріме байланысты) соңғы конгрестерге аса зор қанағаттанушылықпен қатыстым: Монреаль (1998), Брисбен (2002), Гетеборг (2010), Иокогама (2014) және жақындағы ХӘҚ Венадағы форумы (2016). Әлемнің әр түкпіріндегі ескі достар (өкінішке орай, олардың қатары азайып келеді), жаңа адамдармен кездесу және жаңа әлеуметтанулық ойлармен танысу, бір кездері Халықаралық әлеуметтанулық қауымдастыққа алғашқы қосылғандағыдай, әлі де қызықтырады. Мұның бәрі, сөзсіз мені 2018 жылы Торонтодағы 19 Конгреске қатысуға ниеттендіреді. ■

Хаттарды Эдвард Тирикьянға <durkham@soc.duke.edu> жолдауға болады.

> Екінші жапон редакциялық тобымен танысу

Жаһандық диалогтың оқырмандарына үлкен ықыласпен екінші жапон редакциялық тобымен таныстырамыз. 2014 жылы желтоқсан айында жұмысты бастаған кезімізде аударма жобасына 45 студент қатысқан. Олардың барлығы 1941 жылы жапон ауылшаруашылығы, орман және балық шаруашылығы министрліктері аккредиттеген жоғары білім беретін мемлекеттік мекеме ретінде негізі қаланған Балық шаруашылығы Ұлттық университетінің студенттері болатын. Редакцияны мына тұрақты мүшелер құрайды:



Сатоми Ямамото – балық шаруашылығын реттеу және басқару кафедрасының ағылшын тілі мен әлеуметтанудан ассоциацияланған профессоры. Ол ағылшын тілінің магистрі дәрежесін Жапон Қыздар Университетінде, әлеуметтік ғылымдар магистрі дәрежесін Чикаго университетінде, әлеуметтану бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін Урбан-Шампейндегі Иллинойс университетінде алды. Қазіргі кезде оның зерттеу аясын Құрама Штаттардағы балықтың инвазиялық түрлеріне әлеуметтанулық талдау құрайды.



Фума Секигучи – Балық шаруашылығы Ұлттық университетінің тамақтану ғылымы мен техникасы кафедрасының жоғары курс студенті. Ол Ямагути префектурасында дүниеге келіп, Тиба префектурасында өсті. Қазіргі кезде Америка Құрама Штаттарындағы Калифорния университетінің Чико және Батт колледжінде оқып жатыр. Оның ұраны: қателіктер шындайды. Ол жүзуді, бейсбол ойнағанды және ағылшын тілін үйренгенді жақсы көреді.



Ютаро Симокава – тамақтану ғылымы мен техникасы кафедрасының екінші курс студенті. Қазіргі кезде теңіз өнімдерінің азықтық бөліктерін тиімді пайдалануға, технологиясы мен өңдеуге үйренуде. Аударма жобасына ағылшын тілінде оқуға бейімін жақсарту ниетімен қатысып жүр. Оның мақсаты – тамақ ғылымы туралы ағылшын тіліндегі мақалаларды оқуға мүмкіндік алу.



Масаки Йокота – балық шаруашылығын реттеу және басқару кафедрасының жоғары курс студенті. 2014-2015 жылдары Ұлыбританияда ағылшын тілін үйренді және IELTS (ағылшын тілінен тестілеудің халықаралық жүйесі) 6.5. тапсырды. Бадминтон ойнағанды және футбол көргенді жақсы көреді. Оның сүйікті футбол командасы – Лондондағы Челси. Арманы - Жер шарына саяхат жасау.



Такаши Китахара – балық шаруашылығын реттеу және басқару кафедрасының жоғары курс студенті. Ол Балық шаруашылығы Ұлттық университетінің Ресурстарды басқару мен тамақ ғылымы Жоғары мектебіне 2017 сәуірде қосылмақ. Оның зерттеу аясына Жапониядағы азықтық емес су өнімдерін дамыту енеді. Аударма жобасына балық шаруашылығынан басқа жаңа тақырыптарды зерттеуді жақсы көргендіктен қатысады.



Юки Накано – қолданбалы аквабиология кафедрасының екінші курс студенті. Бала күнінен жануарлар мен балықтарды ұнатқандықтан Балық шаруашылығы Ұлттық университетіне түсті. Әлі де болашақ жұмыс орнын анықтаған жоқ, дегенмен өзі қызығатын саламен айналысқысы келеді. Ағылшыннан жапон тіліне аударма жасағанда кейде қиналады, бірақ оған топта жұмыс жасаған бұрынғысынша ұнайды, себебі жоба оған ағылшын тілін жетілдіруге және жапон тілінен озық білім алуға көмектеседі.